

ПИОНЕР



№ 1 ЯНВАРЬ 1957
АЛМАТЫ

МЕКТЕП-ИНТЕРНАТ



Жаңа Қарағандының шет жағына салынған зәулім үй жан-жағына егілген ағашымен ерекше көз тартады. Бұл — жаңа ашылған жетіжылдық мектептің үйі. Мұндағы оқыйтын балалардың барлығы мектеп жанынан ашылған интернатта тәрбиеленген еді. Олар — шахтерлардың, малшылардың балалары. Тәрбиеленушілердің барлығына да үкмет қаржысынан тегін тамақ, киім беріледі.

Мектептің іші де әсем. Класс бөлмелерінің бәрі кең, сәулетті. Интернаттағы балалардың ата-аналарымен кездесетін арнаулы бөлмесі бар. Балалар белгіленген күнделік кесте бойынша уақытында тұрады, тамақ ішеді, сабаққа барады. Мектеп жанындағы түрлі үйірмелерге қатнасады. Балалар жататын бөлмелерде тазалық берік сақталады. Таңертең тұрғанда әр бала өзі жатқан төсегін ұқыпты жыйнайды. [2-сурет].



Мектептің жанында спорттық секциялармен бірге жас техниктер үйірмесі, жас өнершілер үйірмесі жұмыс істейді. Оқушылардың көбі-ақ ұста мастерскойында жиі болып әртүрлі құралдар жасаумен шұғылданады. [3-сурет].

Жаңа ашылған интернаттағы жас достарына қаладағы № 3 орта мектептің X класс оқушылары Люся Белякова, Вадим Костливец, Борис Сироталар жиі келіп би үйретеді. Жас техниктер үйірмесіне басшылық етеді.

Жуырда интернаттағы балалар даңқты «Потемкин» броненосцінің теңізшісі Ефим Васильевич Гутниковпен кездесті [1-сурет]. Қарт теңізші өзінің жас достарына 1905—1907 жылғы Қыйыр шығыстағы жағдайлар туралы ұзақ әңгіме айтты. Бұл кездесуде оқушылар Отан тарихындағы елеулі кезеңмен жете таныса түсті.

Жаңа ашылған интернаттағы оқушылардың тұрмысы күн өткен сайын жан-жақты жақсара түспек. Бұған туысқан Коммунистік партиямыздың балаға деген шексіз қамқорлығы кәе.

П. Кудряшев



ПИОНЕР

Қазақстан ЛКСМ Орталық Комитетінің пионерлер мен мектеп оқушыларына арналған әдеби-көркем және публицистикалық журналы.

№ 1
ЯНВАРЬ
1957 жыл

Айына бір рет шығады.

Шығуына 19 жыл.



Ленин МЕН ПЕТЯ

Кепкасын бүктеп қолына алған,
 Кең маңдайлы ақжарқын адам.
 Келіп жүрді балаларға ылғый
 Дуылдап олар шығатын алдан.
 Атаушы ед оны: «әке»,— деп бәрі
 [Балалар тегіс жетімдер еді].
 Болса да жас өкімет әлі,
 Соларға сәнді үй салып берді.
 Оларға талай сыйлықтар келді:
 Кептірген ет, тұздаған балық...
 Тәрбиеші ана айтушы еді:
 — Жіберді,— деп,— әлгі адам салып.
 Ал ол бір жылдар тапшылық еді,
 Жетпеді елде киім мен тағам.
 Кең маңдайлы адам бұларға берді,
 Посылка салса шаруалар оған.
 Түскі астың кезі.
 Тәрбиеші ана
 Сар шашты тапал баламен келді.
 Таныспай жатып өжетін қара:
 — Ойнайтын кім бар, шахматшымын,— деді.
 Кең маңдайлы адам отырған сонда,
 Аударып бұған ой толы көзін:
 — Осалмын, сірә, демедің онда,
 Айтып қой,— деді фамилияңды өзің.
 — Өз атым Петя,— деді де бала.

Аржағын айтпай мүдіріп барып,
 Кінәлі жандай осыған бола:
 — Білмеймін,— деді қызара қалып.
 Кең маңдайлы адам күлімдеп енді,
 Орнынан тұрып Петяға келді.
 — Ұмытпа, Петя, келем мен тағы,
 Жаттығу жаса, ойнаймыз,— деді.
 Артынша соның өтпей бір жеті,
 Петяға таныс кең маңдайлы адам
 Шахмат әкеп беріп те кетті:
 — Жаңа жылдық тарту,— деп саған.
 Онымен қоймай Петяға өзі:
 — Бір партия ойнарсың,— деді.
 Дос-жарың сынды өтінген сөзі,
 Ойынға Петя қуана көнді.
 Байқайды Петя: тап осы адам
 Тым күшті жатыр, келер ме шамаң.
 Қолданғыш екен офицер, атты,
 Масқара қылып қоймасын матты.
 Қарай гөр, минут соқты бір сәтті,
 Ферза мен король вилкаға түсті.
 Ойлады Петя: «Қоям деп, матты».
 Ал қонақ үнсіз нүлімдей түсті.
 «Бала деп мені отыр ма алдап,
 Түспейін торға, ойнайын аңдап,
 Ферзасын әдей берді ме маған,
 Менсінбей, бәлкім, жетер деп шамам...»
 Ойынның осы соңында енді
 Қол беріп қонақ: — Шеберсің,— деді,—
 Уақыт табам, тағы да соғам,
 Жіберер деме есемді саған!—
 Өзілдеп солай, қоштасып күле,
 Қайтып кетті кең маңдайлы адам.
 Петяға келіп тәрбиеші ана:
 — Кім ұтты,— деп сұрады,— жаңа?
 — Белгілі,— деді мақтанып Петя,—
 Ұтатын адам — ойыншы ғана.
 Жүрер ем айтып балаларға,
 Осы бір өзім ұмытшақ-ақпын.
 Қарашы жаңа өзі барда,
 Фамилиясын сұрамай қаппын.
 Күлді кеп сонда тәрбиеші ана:
 — Шахматшымыздың дәмесін қара,
 Ол кісі Ленин — өзіңнің атаң,
 Танымай, ұйықтап қалдың ба жаңа?!
 Бұл сөзге Петя қызарып кетті:
 — Онда мен жаңа қателік еттім.
 Болса өзі Ленин екені рас,
 Нашарлау ойнар едім ғой біраз.
 Қалаға басқа ауысып бұлар,
 Хат салып тұрды көсемге ұлы,
 Осыдан артық не бақыт болар:
 Деп жазыпты ол Петяны «ұлым».
 Ұмытпапты ойынды сочау,
 Петяны еске ап жүріпті көсем.
 Дұрыс па өзін «жетім» деп санау,
 — Ленин,— дейді, әкең кім десең.

Телеужан Исмаилов

Ардақты анажан!



М. А. Ульянова.

В. И. Лениннің Мария Александровна Ульяноваға жазған хаттары

Владимир Ильич өзінің туған анасын мейлінше жақсы көріп, оған аса қамқорлықпен қараушы еді. Оның анасына деген сүйіспеншілігі мен қамқорлығын Мария Александровнаға жазған хаттарынан айқын байқауға болады. Өзінің революционер балалары үшін анасының қаншалықты қатты қайғыратынын Владимир Ильич білді. Сондықтан да, ол қайда жүрсе де анасын ұмытпай, оған хат жазып, үнемі жұбатып, жігерлендіріп отырды. Әр хатында ол анасының денсаулығы, көңіл күйі жайын тәптіштеп сұрап отырады. Өзі туралы, өзінің жолығысып тұратын адамдары, оқыған кітаптары туралы, қалай жұмыс істеп, қалай демалып жүргендері туралы анасына да толық хабарлап тұрады.

Біз бұл нөмерде, балалар, сендер үшін, Лениннің бірнеше хаттарынан үзінділер беріп отырмыз. Алғашқы екі хат Ленин айдауда болған Шушенск селосынан жазылған. Осы екінші хатта Лениннің айтып отырғаны өзінің інісі, Дмитрий Ильич Ульянов туралы. Оны бұл кезде патша үкіметі тұтқыңға алған. Ал, басқа хаттары Лениннің эмиграцияда жүрген кездерінде жазғандары. Соңғысы 1912 жылы июньде, Владимир Ильич өзінің апа-қарындастарының ұсталғаны туралы хабарды алған кезінде жазылған. Митя — Лениннің інісі, Анюта — апасы, Маня — қарындасы. Н. К. — Надежда Константиновна Крупская (ол 1898 жылы Владимир Ильичтің айдауда болған жеріне, Шушенскіге келген). Ел. Вас. — Елизавета Васильевна Надежда Константиновнаның анасы.

12/X 1897 ж. (Шушенск селосы)


Ардақты анажан, сенің хатың мен Митяның 20/IX-де жазған хатын мен 7-і күні алдым. Өткен жолы мен өте асығыс болдым да, сондықтан хатты онша толық жазбағаным есімде. Бүгін соның есесін толтыру керек...

Мен аңшылықты әлі де тастай қойғаным жоқ. Қазір аң аулау (қоян мен құрды мен бұрын көп аулап көргем жоқ, сондықтан әлі де болса бұған төселуім керек) айтарлықтай табысты болмағанмен онша қызықсыз да емес. Күздің сәтті бір күні болғанда (быйылғы жылы мұнда күн жақсы боп тұр) мен дереу мылтығымды аламын да, тоғайдың іші мен даланы кезуге шығамын. Көбінесе Проминскиймен бірге шығамыз; үй иесінің итін ертемін, ол итті мен өзіммен еріп жүруге үйреткемін, өзінің біраз (расында, аздаған ғана) аң аулаушылық қабілеті де бар. Өзім де бір ит асырап жүрмін, осындағы бір таныс адамнан күшік күйінде алдым, алдағы жазға дейін күтіп өсірмекішімін! Бірақ жақсы ит боп шыға ма, сезімтал бола ма, жоқ па, онысын білмеймін. Оны өзім айыра алмаймын, ал менің бұл «Пегасымның» тегіне қарап, оның қандай болары жайында кесіп айту қыйын. Спбургте біздің бәрімізге сатып әперген мақталы жейде аң аулау үшін өте қолайлы болды, оны мен мақтап жеткізе алмаймын. Жалпы алғанда, қысқы және басқа (сен сұраған) киімдер жайында менде оның бәрі артығымен бар деп айта аламын...

СЕНІҢ В. У.

7/II-1898 ж. (Шушенск селосы)

Қымбатты анажан, кеше сенің хатың мен және біздің барлық туғандардың 22—23/II — күні жазған хатын алып, қатты қуанып қалдым, оның бәріне ортақ алғысымды айтамын...



Шушенскі селосында ай-
дауда болғанда
Ленин осы үйде тұрған.

Н. К.-ға салатын посылка жайында айтарым, меніңше оны кітаппен артынып-тартынып жүре алмастай ету керек, өйткені жазда мұның ыңғайы келе ме, жоқ па белгісіз, Маняша болса, эне, шетелге жүруге әзірленіп жатыр (бұл, әрине, Шушаға барғаннан, не Сибирь масаларына жем болғаннан гөрі аздап қызықты болар), ал, сіз, сірә, Митямен бірге Кокушкиноға барарсыз... Айналырған 2,5 айдың ішінде оның оп-оңай қыйнала бастағаны онша жақсы емес. Біріншіден, ол өзі түрмеде диета сақтай ма екен? Сірә, сақтамайтын болар. Ал, онда, меніңше, бұл өте қажет. Ал, екіншіден, гимнастикамен шұғылдана ма екен? Онымен де, сірә, шұғылданбайтын болар. Бұл да қажет. Мен, өз басымнан алып айтайын, ең құрығанда, күн сайын, ұйықтар алдында шын ықыласыммен, тиімді түрде гимнастикамен шұғылданған болар ем. Қыймылдай келе, нағыз қатты суықта, камераның іші мұздай боп суып тұрса да, бойың қыз-қыз қайнайды, бұдан кейін, тіпті жақсы ұйықтайсың. Оған менің ең қолайлы бір гимнастикалық жаттығуды (күлерлік болса да) — 50 рет жерге тәжім етуді ұсынуыма болады. Мен өзім дәл осындай сабақты қалап алдым, қарауылшы әйнектен көріп, Предварилкин шіркеуіне бір де бармаған адамның кенет мұншалықты құдайшыл бола қалғаны несі! — деп таңдана қарады, мен бұған да ешбір қымсынғаным жоқ. Бірақ, тек 50 реттен кем болмасын, әр иілген сайын аяқты бүкпей, қолды жерге тигізу керек, оған дәл осылай айтып жазу керек. Әйтпесе, ондағы дәрігерлер деген көбінесе гигиена туралы тек бос сөз айтуды ғана біледі...

СЕНІҢ В. У.


26/XII-1900 ж. (Мюнхен)

Қымбатты анашым! Сен бұл хатты, сірә, тойларыңның болар қарсаңында аларсың. Тойларыңды құттықтаймын және оны көңілді өткізулеріңе тілектеспін: мүмкін сол күнге Митя да келіп қалар, сөйтіп бәріңнің, тым құрығанда, Россияда барларыңның бастарың бір жерге қосылар. Біз Аня екеуміз де барсақ па деп ойлап едік, бірақ, сәті түспеді. Мұнда рождество¹, барлық жерде ёлка, көшекөшенің бәрінде бұл күндері аса көңілді. Жақында мен бірнеше апта бойы үйде отырып жалығып кеткен соң Венаға барып, жақсылап қыдырып қайттым. Бірақ, тек қыс қолайсыз боп тұр — қар жоқ. Шындап келгенде, ешқандай қыс деп айтарлық емес, әлдеқандай бір сазығыр, жаман күз. Бір жақсысы, әйтеуір, суық емес, менің қысқы пальтосыз-ақ еркін жүруіме болады, дегенмен, қардың болмағаны бір түрлі қолайсыз сыяқты. Батпақ, лайсаң адамды жалықтырып жіберді, сондықтан да орыстың нағыз қысын, шананың қарлы жолын, аязды таза ауаны сағына еске аласың. Мен бірінші рет қысты, тіпті қысқа ұқсамайтын бір маусымды шетелде өткізгелі отырмын, бірақ, кейбір күндері біздің ұзаққа созылатын жақсы күз күндеріміз сыяқты тамаша бола тұрса да, маған сонша ұнап жүр деп айта алмаймын...

Сенің дені-басың түгел сау ма, қымбатты анашым? Анютасыз саған өте көңілсіз боп жүрген жоқ па? Маняның ісі қандай жағдайда? Айтпақшы, ұмытып барады екем, Пушкинді алдым, көп рақмет айтарсың, сондай-ақ оның 6/XII-де жазған хатын да алдым. Сапарға² шығып кетіп осы уақытқа дейін әлі жауап бере алмадым, сонан соң тіпті қолым да тимей кетті. Сені қатты қысып құштым, менің қымбаттым, біздің адамдардың бәріне де көп-көп сәлем.

1. Құдайдың туған күні деп мейрамдайтын христиан дінін тұтынушылардың мейрамы.

2. Ленин Лейпцигте «Искра» типографиясында болған еді, онда газеттің бірінші номерін басып шығаруға байланысты жұмыстардың бірін тындыру үшін барған.



Шуше өзені бойындағы
дирмен. Ленин айдауда
болған кезінде осы араны
жақсы көріп, сөйіл құра-
тын.

4/II-1903 ж. (Лондон).

Қымбатты анажан! Менің не сенен, не біздің туғандардың бірінен бір де хат алмағаныма талай уақыт өтті. Сірә, сіздердің жазған хаттарыңыздың кейбірі жоғалып кеткен шығар, өйткені, бұл уақытқа дейін маған ешкімнің хат жазбағанын жай дей алмаймын...

Біз Надя екеуіміз аман-сау, бұрынғыша ақырындап, ептеп жүріп жатырмыз. Жақында осы қыс бойына бірінші рет жақсы концерт көріп, өте сүйсініп қалдық, әсіресе Чайковскийдің соңғы симфониясына сүйсіндік. Сіздерде, Самарада жақсы концерттер болып тұра ма? Неміс театрында бір рет болдық, орыстың Көркем театрында болып, «На днені» көргіміз-ақ келеді...

Сені қатты қысып құштым, менің қымбаттым, саған бар жақсылықты, әсіресе, сау болуыңды тілеймін, туғандарға сәлем...

7/IV-1912 ж. (Париж)

Қымбатты анажан! Бұл хатты сен, шамасы, станциядан 11 апрельдің кезінде аларсың. Сені мен Маняшаны періште күнімен құттықтаймын, қатты құшып, сендерге бар жақсылықты тілеймін.

Волга көктемі сіздерде қалай өтіп жатыр? Бәріңіз де сауымысыздар? Мен «Речьтен»¹ күн сайын Саратовтың ауа райын қарап, сіздерде күннің әлі суық екенін біліп тұрмын.

Мұнда көктем, сірә, быйылғы жылы ерте түскен болу керек. Жақында тағы да велосипедпен тоғайға барып қайттым, бақтағы барлық жеміс ағаштары (сүтпен бояп қойғандай) аппақ болып тұр, исі жұпар аңқыды, неткен тамаша көктем! Өкініші сол, жалғыз бардым, Надя салқын тиіп, даусы қарлығып үйде қалды...

Тағы да қатты сүйдім, бәріне көп-көп сәлем.

СЕНІҢ В. У.

2/VI-1912 ж. (Париж).

Ардақты анажан! Маняша мен Анютаның ұсталғаны жайында саған таяуда жазып жіберген болатынмын. Тағы да хат арқылы сенімен кеңесуге тура келіп отыр. Сен тым жалғызсырап қалдың ба деп қорқамын. Бұдан бұрынғы хатымда мен таныстардың ішінде саған келіп-кетіп тұратындары бар ма деп сұраған едім, бірақ жауап келетін уақыт, әрине, әлі жете қойған жоқ...


Ал, маған, бірнеше сөз болса да, жазып жіберші, қымбатты анашым, сенің ден саулығыңды, көңіл күйіңді, қандай жаңалықтар барын, Саратовта сенің таныс адамдарыңның бар-жоғын біліп тұрайын. Мүмкін, жиі хат алысып тұрсақ, сенің аз да болса, уайым-қайғыңда жеңілдік болар...

Надя мен Ел. Вас. сені қатты құшып, деніңнің сау, қайратты болуына тілек білдіреді. Мен де сені құшағыма аламын, қымбаттым менің.

Сендік В. УЛЬЯНОВ.



Лондоннан Женеваға келгенде Владимир Ильич осы үйде тұрды.



Париж, Rue Beaupré көшесі, № 24 үйде Ленин тұрды.

¹ Газет аты.



Әңгіме

Саид Баязитов

Әр түсті әдемі суреттермен әшекейленген жұқа тысты кітапшаның Болаттың қолына түскені әлдеқашан. Ол, бейне бір, суреттер сыйқырымен арбалғандай, көзін кітаптан аудармай, басын жоғары көтермей отыр. Мұны әжесі де бірден байқаған еді, бірақ бастапқыда мән берген жоқ. Тек бір сәттен кейін немересін соншалықты ынтықтырған не екенін білуге көңілі кетіп, сырт жағынан Болаттың жанына келді. Болат әжесінің қасына келгенін сезбей де қалды.

Кітапшада жарты бетті тұтас алған сурет тұр еді. Болаттың көздері соған қадалған.

Бірақ әжесінің көзі суретті айыра алмады. Сурет сурет емес, бояуы сұйыла жайылған сұрғылт бір нәрсе боп көрінді. Жазуларына қарап еді, ол әлгіден де бұлдыр екен.

Оның суретті көруге ынтасы арта түсті де енді таяу келіп, үңіле қарады. Осы кезде Болат басын көтеріп алғанда, оның тақыр басы әжесінің сүйір иегіне сәл-ақ тимеді.

— Қызық кітап па? — деді өз қылығына абыржып қалған әжесі.

— Қызық! Бұл біздер үшін шыққан ғой. Міне: «Төменгі класс оқушылары үшін» деп жазылған, — деді Болат өз кітабы әжесінің көңілін аударуға жарағанын мақтаныш еткендей.

Әжесінің кітапшаны қолына алғаннан кейінгі қарағаны да әлгі сурет болды. Бірақ, не ғажап, көзіне тақай әкеліп көрсе де жанары суретті айырмады. Кітапта сурет емес, сағымдай бұлдырап сұрғылт бейне ғана тұрды. Ол біресе самауырдың қыйсық кернеіне ұқсайды. Біресе поездың будақтаған түтініндей боп көрінеді.

Тесіліп қарай берген соң көзіне бұлдырап жас та келді. Соңында кітапты Болатқа қайтып беріп:

— Менің төменгі класс баласынан артық жерім аз екен, көзім кітап суретін айырудан қалыпты, — деді әжесі.

— Көрмеді ме? Бұл жолбарыс қой. Циркте ойнайтын жолбарыстың өзі. Міне, жазуын оқып көрші.

— Мұнысы әлгіден де бұлдыр.

Болат әжесін қатты аяп кетті. Оның айналасы әжім сызықтарымен шеңберленген көздеріне, қатпарлы маңдайы мен орамалынан шеттей шығып тұрған ағы мол шаштарына көз жүгірте қарады. Әжесінің шынымен кәрілік жасына жеткені ме?

Сөйтті де, ол көңілі әлі де кәрілікке қыймағандай, тағы да үй ішін шола бастады. Төртегі кровать, қабырғадағы айна, стол үстіндегі кітаптар — бәрі де үйреншікті, көз жанары күшін өлшеуге лайықсыз нәрселер.

Ол енді терезеден даланы шолды. Аула іші, көшенің бір қыйығы, үлкен емхана үйі айқын көрінеді. Тіпті қалаға баратын жол да көз алдында жазылып жатыр. Далада күн тып-тынық екені сезіліп тұр. Ағаш жапырақтары селт етпейді. Аспанда қалқып тұрған бір ақшуда бұлт та орнынан жылжымайды.

Болат бұлтты нұсқап:

— Анау не? — деді.

— Бұлт қой, — деді әжесі көзін сығырайта көкке қарап.

— Көзің көрді ме?

— Тал түсте аспанда күн мен бұлттан басқа не болсын, — деп күлді әжесі.

Жүзіне жалт етіп шыға келген үміт нұры тағы да жоғалып, Болат ойланып қалды.

— Таптым! — деді ол бір кезде қатты дауыстап.

— Нені таптың?

— Саған көзілдірік керек.

— Көзілдірік? Оны қайдан алдық?

— Қалаға барып, сатып әкеп беремін. Сонда көзің жақсы көретін болады.

Болат сол күні-ақ қалаға баруға жыйналды. Ол көзілдіріктің аптекада сатылатынын білетін. Ал, аптека тек қалада бар.

Әжесінен бір шама ақша алды да, ол кез келген машинаның біріне отырып, алты километр жердегі қалаға тартып кетті.

Жол үсті көңілсіз болған жоқ. Күздің сұрғылт бояуы ене бастаған табиғат көріністеріне, жолмен үздіксіз ағылып жүріп

жатқан машина, көліктерге алақтаумен отырып, қалаға келіп жеткенін де сезбеді.

Ол келгенде аптекада кісі аз еді. Кең бөлменің көп бөлігін әйнекті шкафтар алған. Шкафтардың ұзын тұрқы аса биік үйдің төбесіне дейін жетіп тұр.

Дәрі-дәрмектер шкафқа сыймағандай, ұзыннан-ұзақ қойылған әйнекті витриналар тағы бар. Болат мойнын соза түсіп, витрина ішіне сығалап еді, олардың іші де бос емес екен.

Ол өзіне керекті бұйымтайын витрина ішінен табуға үміттеніп, көз жүгіртіп қарай бастады. Бір кезде кішкентай мөлдір көздері жалт ете түсті. Қуанғаннан сәл-ақ айқайлап жібермеді.

Витрина ішінде өзі іздеген көзілдіріктің бірі емес, он шақтысы тізіліп жатыр еді. Шетінен таңда да, ала бер.

Нұр ойнап кеткен көздері көзілдірікті таңдай бастаған кезде:

— Балақан, саған не керек? — деген әйел даусы шығып, ол жалт қарады. Оның қарсы алдында, витринаның арғы жағында, өзіне күлімсірей қарап ақ халатты бір әйел тұр. Аптека кісісі осы екенін айтпай таныған Болат:

— Көзілдірік керек, — деді күмілжіген үнмен.

— Өзіңе ме?

— Жоқ, Әжемнің көзі...

Ол сөзін аяқтамастан, қолын тездетіп қалтасына сұңгітті де, ақшасын алды.

— Біреуін беріңізші, — деді ақшаны әйелге ұсынып.

— Қандайын?

— Жақсы көрсететінін.

Әйел сәл күлімсіреп:

— Қандай мөлшердегісін? Номерін айт, — деді.

— Номерін? — деді Болат аузын таңдана ашып, — мен номерін білмеймін.

Әйел баланы бастан-аяқ шолып өтті де, ерекше түсінік беріп жатуды артық көріп:

— Алдымен әжең көз дәрігеріне көрінсін. Олар көздің күшін, номерін айырып береді. Содан кейін маған кел, — деді.

Болаттың көзілдірік алып қайту ниеті жү-



зеге аспай, жақсы үміті желге ұшты. Ақшасын қалтасына қыйнала салып, аптекадан қынжылып шықты. Жол үстінде де, көзілдірік әкелемін деп әжесін сендіріп кеткені есіне түсіп, әлсін-әлсін мазасыздана берді.

Поселкеге кіре берісте жол участоктік емхана үйі жанынан өтетін. Ойынан көзілдірік кетпей, ауыр реніште келе жатқан Болат емхана ауласындағы отырғышта демалып отырған бас дәрігерді көрді. Ол жасы отыз бес-қырықтар ішіндегі, арық жүзді, шоқша мұрты көмірдей қара, көрікті кісі болатын. Емханаға жақында ғана келген. Әйтсе де, мектепте болып, оқушылардың шаш, құлақ, көздерін қарап, соңынан «Тазалық — денсаулық кілті» деген тақырыптан әңгіме өткізіп үлгерген.

Болатқа, кенет, көзілдірік жайын дәрігерге айту ойы келе кетті де, ол өзінің дәрігер жанына жетіп барғанын да сезбей қалды.

Дәрігер ғайыптан пайда бола кеткен балаға таңдана қарап:

— Сөйле, інішек, — деді.

Болат, аузына сөз түспегендей, аңырып біраз тұрды.

— Сіз көздің күшін айырып бере аласыз ба? — деді содан кейін.

— Көздің күшін?

— Ия, көзілдіріктің номерін білуге...

— Түсінікті, — деді дәрігер орнынан тұрып, — айырып берейін, соңымнан ер.

Ол емхана есігіне қарай беттеп еді:

— Маған емес, — деді Болат шапшаң.

Дәрігер қайта бұрылды.

— Кімге?

— Әжеме.

— Әжеңе? Өзі қайда еді?

Болат, әжесінің көзі кітап жазуларын көруден қалған соң, өзінің қалаға барғанын, бірақ көзілдірік ала алмай қайтқанын тез-тез баяндап берді.

— Әрине, — деді әңгімені көңіл қоя тыңдаған дәрігер, — киімді әркім өз өлшеміне қарай киетіні сыяқты, көзілдіріктің де өз өлшемі болады. Ал, енді тездетіп барып, әжеңді ертіп әкеле ғой.

— Қазір әкелемін, — деді қуанып кеткен Болат. — Қазір-ақ!

Келесі күні Болат тағы да аптекадағы өзіне таныс әйел алдында тұрды. Бірақ әйел оған танымаған кескінмен қарап:

— Балақан, саған не керек? — деді.

— Көзілдірік! Көзілдірік керек, — деді



Болат өкпесі алқына сөйлеп, көз қыйығын витрина ішіне жүгіртіп қойып.

— Көзілдірік? Қандайын? Кімге?

— Ұмытып қалғансыз ба? Әжеме!

— Номерін айт.

— Айтуға болады, — деді Болат, — «Плюс алты», ең жақсы көрсететінін.

Әйел, баланың құртақандай бойын қайта шолып өтті де:

— Ақшасын кассаға төлеп кел, — деп чек жазып берді.

Болат ақшаны кассаға төлеп келгенде, қызғылт түсті мүйіз қорапқа салынған көзілдірік витрина үстінде жатыр еді. Оны қолына құшырлана ұстай алған Болаттың бойы бір суып, бір ысыды. Өзіне күле қарап тұрған әйелге алғыс айтуды да өзгеріп, жүрегі алып ұшқандай, далаға жүгіре шықты. Содан, еш жерге аялдамай, бірден ауылға тартты. Жол бойы тек қана бір ойды — әжесінің көзі енді анық көретін болғанын ойлады. Көзі көзілдірікке түскен сайын, ол өзін бір үлкен істі тындырғандай сезінді.



Өзім туралы повесть

Повесть

(Жалғасы, басы өткен сандарда)

Б. Соқпақпаев

— Бұл біздің үй емес, — деді бала, — біз Алматыдан келген қонақпыз.

Сұрап білсек, Жұмағұл бұл баланың нағашысы екен. Мамасы екеуі қонаққа келгелі он шақты күн болыпты. Баланың әкесі Алматыдағы көк базарда ет сатушы болып істейді екен. Үйде қымыз бары айқындалған соң:

— Жоқ, — деп бала басын шайқады. — Мамам ұрсады.

— Үй иелері келгенше күте тұрайық, — деп, Сұлтан маған аттан түсуге бұйырды.

Атты мама қазыққа байладық та, үйге кірдік. Сұлтан тап бір нағашысынікіне келгендей-ақ төр алдына сұлай кетті. Ал, секпіл бет біздің үйге кіргенімізді жаратпай, қабағын түйіп, ұртын бұртыпта сүзе қарап, босағада тұр.

Оны-пұны сөз етіп біраз отырып едік, үй иесі келе қоймады. Ал, секпіл бет бізге бір қырын түксие қарап, нағыз бір есік баққан күзетшідей тапжылмастан әлі сол орында тұр.

— Ей, атың кім сенің? — деп сұрады Сұлтан.

— Дәулет.

— Атың оңды екен. Дәулет деген жақсы ат. Менің ағайымның аты да Дәулет.

Сұлтан менің санымды тағы шымшып қойды.

— Дәулеті мол, дастарқаны бай, алақаны кең болсын деп қойған ғой. Ей, Дәулет,

біз асығып отырмыз. Сен бізге бір-бір кеседен ғана қымыз бер. Біз саған, міне, ақша төлейміз.

Сұлтан қалтасынан қобыратып, бір уыс сары құлақтарды суырып алды.

Секпіл бет шын ақша ма дегендей оның қолындағыға сүзіле қарап тұрды да:

— Мамамдар келіп қалса қайтем? — деді. Бұл секпіл беттің көнгені еді.

— Келмейді, — деді Сұлтан орнынан түрегеле беріп, — Қай жақтан келуші еді? Мынау, — Сұлтан мені нұсқады, — киіздің жыртығынан бақылап отырсын. Ал, екеуміз тездетіп, құйып жіберейік.

— Сонда қанша төлейсіңдер? — деп сұрады секпіл бет.

Сұлтекең маған көзін қысты да, жомарт кетті:

— Қанша сұрасаң, сонша төлейміз.

— Төрт сом берсеңдер, екі кесе қымыз берем.

— Мақұл.

Сұлтекең балаға төрт сомды ұстата берді. Жүктің артында, шынында да, теңкиген бір мес қымыз байлаулы тұр екен. Сұлтекең соны дереу суырып алып, аузын шеше бастады. Дәулет бұрын ішіне қымыз құйылған кішірек бір көк кастрюлді дайындап, мамдар кеп қалмаса игі еді деп, үрейі ұшып тұр. Ал, мен болсам, киіздің жыртығынан сығалап тысты бақылап отырмын.

Сұлтекең сар еткізіп орта кастрюлден аса қымызды бір-ақ құя салып еді:

— Әй, көп боп кетті! — деп, Дәулет шыж ете қалды.

— Ештеңе етпейді.

Месті Сұлтекең көз ілеспейтін шапшаңдықпен орнына апарып қайта байлап қойды. Енді кастрюлдегі қымызды кесемен көсіп

алып, кезектесіп сіміре бастадық. Сұлтекеңнің былайша шетінен сіміргендерін қоспағанда, ондағы қымыз шүпілдеген жеті кесе шықты.

Кастрюлді өреше ішіне апарып қойған соң Дәулет:

— Тағы он сом бер, — деп қолын созды Сұлтанға.

— Не үшін?

— Бес кесе қымызды артық іштіңдер ғой.

— Әй, жолың болғыр, — деп кейіді Сұлтекең, — біз оны ішейік деп іштік пе? Мамаңдар кеп қалса, сені құртады екен деп, саған жанымыз ашыған соң іштік қой. Бекер ішкен екем. Міне, қарнымды сыздатып кетті.

Дәулет не дерін білместен бедірейді де қалды. Ал, мен болсам, күлкі мен қымыз ішімді қабат сыздатып, өрең отырмын.

— Сен онан да бізге жейтін бірдеңе бер. Мына қымыз ішімізді ашыта бастады, — деді Сұлтан.

Дәулет созған қолын енді ғана тартып алып.

— Нан жейсіңдер ме?

— Әкеле бер, май бар ма? Оны да әкел. — Сұлтекең Дәулетпен қабаттасып, өрешеге өзі де кіріп кетті. — Мына бір тарелкадағы піскен омыртқа ма?

Саудадан пайда тауып қалған Дәулет:

— Тамаққа да ақша төлейсіңдер, — деп ескертті.

— Әрине, төлейміз, — дейді Сұлтан, омыртқаны қомағайлана тістелеп жатып.

Бір-бір жапырақ нанға май жағып соғып алдық, Дәулет өз ісіне ықтыят сатушылардай-ақ лыпып тұр.

— Кәне, төлеңдер!

— Қанша?



— Екі жапырақ наным өкі сом. Үстіндегі майы бір-бір сомнан...

— Жынданғанбысың, — дедім мен оған, — бір жапырақ нан бір сом болушы ма еді.

— Екі шөкім майыңа екі сом сұрағаның да ұятсыздық, — деді Сұлтан.

Дәулет:

— Мұнда базар емес, — деп ақырды Сұлтан. — Сен ұрлап сатып отырсың! Керек десең, біз саған бір тыйын да бермейміз, — Сұлтан қамшысымен есікті нұсқады, — Кеттік!

Мен Сұлтанның соңынан ілесіп шыға беріп, Дәулеттің жүзіне көз салсам, байғұс бала жыларманға кеп, көзі жыпылықтап, жаудырап қалыпты. Мен оны аяп кеттім де, Сұлтанды тоқтатып алып, болмай жатып бір сом бергіздім. Оны алған соң, Дәулеттің қабағы ептеп жадырағандай болды. Ол соңымыздан ілесе шығып:

— Сендерге бәкінің керегі жоқ па? — деп сұрады.

— Жоқ, — деді Сұлтан артына бұрылып қарамастан.

— Кәне, қандай бәкі? — дедім мен.

Дәулет қалтасынан бәкісін алып көрсетті. Темір сапты кішкентай арзанқол бәкі екен. Ұнатпадым.

— Мүмкін белбеу керек шығар? — деп, Дәулет мені жібергісі келмегендей алдымды орағытты.

— Кәне, қандай?

Дәулет жейдесін түріп жіберіп беліндегі белбеуін көрсетті.

— Өзің қайтесің. Шалбарың түсіп кетпей ме?

— Түспейді. Қайыспен байлап алам.

Дәулеттің жалтыраған сап-сары жаңа белбеуіне қызығып кеттім. Ұстап көрсем, сықырлап тұр. Ал, өз белбеуім әрі түсіп, ескіріп қалған еді.

— Айырбастасаң қайтеді? — деп, мен оған өз белбеуімді көрсеттім, — аздап нетіп қалғаны болмаса, әлі мықты. Үстіне ақша қосып берейін.

Дәулет бұған да келісті. Екеуміз біраз саудаласқаннан кейін мен оған белбеуімнің үстіне үш сом қосып беріп, риза еттім.

— Тағы нең бар сататын?

Енді немді сатсам екен дегендей, Дәулет үсті-басын сыйпалап аз тұрды.

— Не керек сендерге?

Бұл кезде Сұлтан атқа мініп те алған еді.

— Жарайды, ештеңенің де керегі жоқ, — дедім мен. — Қош бол!

— Қош болыңдар!

IV

Біз жайлауға келгелі бір айдан аса уақыт өтті. Сұлтан екеуміз үнемі жұбымызды жазбай, бірге жүреміз. Көлік қамын жеп жатқан мен жоқ, нелер жорға-жүйрік, сәйгүліктеріңді сол тауып келеді. «Ертте мынаны!» — дейді Сұлтекең. Ерттеймін мен.

«Кеттік!» — дейді Сұлтекең. Ілесіп беремін мен. Қайда барамыз деп сұрамаймын да.

Ал, мамам болатын болса, менің Сұлтанмен достасуымды алғашқы күннен-ақ жартпады.

— Әй, қарағым балам, өзге ешкімді таппағандай мына бір жер-әлемге сыймаған оңбағанмен серіктесе қалыпсың. Арты қайырлы болса игі еді. Әйтеуір тыныш, адал жүргейсің, қалқам. Ол сені бір күні батпаққа жығып кетпесін.

— Немене, мен біреудің жетегіне көзсіз ілесе беретін жас баламын ба? Өз жөнімді өзім білем, — деп, о баста шеше сөзін құлағыма ілмеп ем. Бірақ, ақыры мамамның сол айтқаны келіп, Сұлтан мені ойламаған жерден бір күні батпаққа жықты да кетті. Жығылғанда, төбемнен шаншылып, оңбай жығылдым. Бұл былай болған еді.

Бір күні таңертең мамам сыйыр саууға кетіп, мен палатканың ішінде төсекте жастықты шынтақтап «Робинзон Крузоны» оқып жатқанымда есік алдынан Сұлтанның даусы шықты:

— Қара Көже, бармысың?

Жүрегім дір ете қалды. «Қап, мына оңбаған оқытпайтын болды-ау» дедім.

Соның арасынша үйге Сұлтекеңнің өзі де сопаң етіп кіріп келді.

— Әй қара басқыр, әлі жатырмысың? — деп ол бірден менің қолымдағы кітапқа



жармасты. — Осы сенің-ақ қолыңнан кітап түспейді екен. Тасташы былай.

— Тоқта... тоқта. Тым болмаса келген жерімді белгілеп қояйын.

— Мына бір мылтық ұстаған адам ба, албасты ма, осы бетке келіпсің, жүз жыйырма төртінші. Кәне, тұр жылдам! Киін тез. Бүгін қандай күн екенін білемісің?

— Қандай күн?

— Смағұлдың үйінде той емес пе бүгін?

— Не қылған той?

— Қара басқыр-ау, естімеп пе едің? Смекең жуырда Мәскеуге көрмеге барып келді ғой. Соның қуанышына бүгін үлкен той жасап жатқан көрінеді. Жұрт дегенің леклек боп, ағылып кетіп жатыр. Түрегел! Киін тез! Мен саған жүзіктің көзінен өтетін оқтаудай қатқан бір торы бие алып келдім. Бол, ертте соны!

Сұлтекеңнің «бол-болымен» бас-аяғы жарты сағаттың ішінде түрегеп, киініп, тамақтанып үлгердім. Екеуміз атқа қондық та, тойға тартып кеттік.

* * *

Тойдың нағыз қызған кезі. Палуандар күресі болып жатыр. Алқақотан қара қорым жұрт айқасушыларды айқаймен демеп, дуду. Біз, жас балалар, ең алда отырғанбыз. Кенет ортадағы той басы:

— Енді балалар күрессін! — деп дауыстады.

— Мен күресемін! — деп, ортаға жүгіріп шықтым.

— Кел, Қожа! Жарайсың! — деп той басы менің арқамнан қағып, екінші шеттегі топқа дауыстады. — Ей «Қызыл шекара», шығар кәне палуандарыңды!

«Қызыл шекара» бойы сорайған, қоңқа мұрын, шегір көз бір сары баланы шығарып еді. Біздің колхоздың малшылары басы Смекеңнің өзі боп:

— Әй, мыналарың бала емес, жігіт қой!

— Қаршадай балаға жігіт шығарғанша ұялсаңдар етті!

— Бұл әділдік емес! — деп, шулап кетті.

Басы-көзі өрттей қызарып, лепіріп тұрған той басы бұған құлақ асқан жоқ.

— Күш атасын танымайды. Кәне, күресіңдер! — деп, қоңқа мұрын екеумізді құшақтастыра салды.

Мен іштен шалып қайыра жығуға машық едім. Әу дегеннен-ақ сол әдісіме салуға тырысып бақтым. Бірақ қоңқа мұрынның ұзын сыйрақтары кестііп анадайда жатыр. Аяғымды шолтаң-шолтаң сермегенмен маңына жуымайды.

Менің пыйғылымды түсіне қойған қоңқа

мұрын енді аяғын онан өрмен аулақ алып қашып, денесінің бар салмағымен үстіме жатып алды. Олай-бұлай ырғап көрсем, қозғалта алар емеспін. Ал, оның бар сенгені күші болуы керек, мені көтеріп-көтеріп алып, жалп еткізе салмақ болады. Бірақ ол қалай тастаса да тарбыйып, дік өте түсемін мен.

Сол арада ойыма тағы бір қулық сап өте қалды. Ылдығға таман ыңғайланып келдім де, кенет үстімде еңсесімен жатқан қоңқа мұрынды, бір жамбасымнан жата қап, көз ілестірмей басымнан асыра лақтырдым! Байғұс баланың мұны күтпегені соншалық — тартынуға мұршасы келмей қалды. Басымнан асып барып, мойны астынан кеп, сұлап түсті. Мен бұлт етіп, тез ұшып түрегелдім де, үстіне қона кеттім. Халық қол шапалақтап шу өте қалды.

Он бес сом бәйге алып, мерейім тасып, шыға бердім.

— Ой, жарайсың!

— Міне жігіт!

— Жасың ұзақ болсын! — деген мақтау сөздер бұршақша жауып кетті.

* * *

Орныма қайтып келгеннен кейін Сұлтанымды іздеп таба алсамшы! Ұштыгүйлі жоқ! Бірғауымнан кейін ғана жұрттың арасымен сумаң қағып, еңтігіп жетті ол:

— Жүр, кеттік!

— Қайда?

— Үйге қайтамыз.

— Неге? — деп таңырқадым мен.

— Бір қызық болып қалды. Былай шыққан соң айтам, — деп сыбырлады да, Сұлтан мені қолымнан жетектеген күйі дедектетіп, топтан шығарып әкетті. «Ия рас, қандай қызық екен» — деп, ынтығып келем.

Біз атқа қонып, той болған ауылдан ұзай бергенде, артымыздан дүбір естілді. Қарасақ, бес-алты атты бізге қарай құйғытып келеді екен.

— Бізді қуып келеді! — деп, Сұлтан жалма-жан тебініп қалып, атына қамшы басты. Менің астымдағы онсыз да ауыздығымен арпалысып келе жатқан тор бие ыта жөнелді.

— Неге қуады олар бізді? — деп сұрадым сұлтаннан қатарласып келе жатып.

Кейін айтам. Бас қамшыны!

«Әй, мына сұм бірдеңені бүлдіргеннен сау емес қой» — деп ойладым да, тор биенің басын еркін қоя бердім.

Арттағылар бұл кезде қыйқуға басты. Менің астымдағы тор биенің делебесі онан өрмен қозып, лезде-ақ Сұлтаннан озып шы-

ға бердім. «Бұлар неге қуады бізді?» — деген әлгі жұмбақ сұрау көкейімді тастай түйнеп келеді.

Қуғыншы да қалар емес. Керен жал жирен атқа мінген жалаңбас біреуі, өзгелерінен жеке дара суырылып шығып, менен жүз метрдей кейінде келе жатқан Сұлтанға жақындап қалды. Сұлтанның астындағы оқушыға таныс құла дөнен еді.

Қойсандаршы, достарым, қашан да қырсық-қыңырлық үйір келеді ғой маған. Ант атқыр астымдағы тор бие тыз етпенің ғана малы екен. Тағы біраз шапқаннан кейін басы-көзі терге малшынып, тырбаңдады да қалды. Сұлтан менен озып шыға берді.

— Бас қамшыны! — дейді ол артына бұрылып. Мен қамшыны баспақ түгіл екі бүйірге далақ-далақ тепкілеп, шықпыртып-ақ келем. Бірақ тор биенің саудасы бітіп барады. Ақыры жирен атты қуғыншы тасырлатып, бастырып келіп қалды. Бұрылып қарасам, маңдайы жарқырап, көзі шатынаған, алпамсадай біреуі. Ол қатарласа беріп, мені ащы тілмен бір сыбап алды да, қамшымен жотамнан бірді осты! Шыңғырып жібердім! Жалтыр шеке қуғыншы қолымдағы тізгінді жұлып алды да, екеуміз қатарласқан бойда орағытып шауып барып тоқтадық. Ал өзге қуғыншылар бізге бұрылмаса Сұлтанның соңынан кете барды.

— Тебінгілер қайда? — деп тікірейді жалтыр шеке маған.

— Қандай тебінгілер?

Бетіме шарт ете түсті шапалақ. Тағы да...

— Міне, мынадай!

Көзімнің оты жарқ етіп, есім ауып қалды. Тағы ұрады екен деп жасқанып, қолыммен басымды қалқалай бердім.

— Неге ұрасың?

— Ұрмақ түгіл быт-шытыңды шығарам, Сұғанақ ұры қолыңды шауып тастаймын.

Жалтыр шекенің жазықсыздан-жазықсыз жәбірлеп ұрғанына қаным қайнап кетті. Тілімнің бар уытын аямай мен де төгіп салдым:

— Тағы ұрып көрші... Қолыңда өлейін!

Жалтыр шеке бұл кезде менің ерімнің артындағы былғары қоржынға жармасып жатыр еді.

— Мынау не иттің ғана баласы? — деп, бірнеше былғары тебінгіні содан суырып алды. Мен не дерімді білместен, көзім бажырайып қарадым да қалдым.

— Мынау не?

— Білмеймін...

Достарым, жақсының—шапағаты, жаманның—кесапаты деген осы екен. Сөйтіп мен әлгі арада жазықсыздан жазықсыз ұры атанып, таяқ жеп қалдым. Шын ұры Сұлтан да құтылып кете алған жоқ. Қуғыншылар оны ұстап әкелді. Бір танауы қанға боялып маңдайына фонарь орнап қалыпты. Соған қарағанда сабақ боларлық біраз төмпешті ол да бастан кешкен-ау деп жобаладым.

Қуғыншылар тебінгілерін алып, қайтып кеткеннен кейін Сұлтекең екеуміз өзара қызыл танау болып бір төбелесіп алдық та, ол солға, мен оңға кете бардық.

БӘС

Мысал

«Ауырлығың сенің менен аз» — десіп,
Ат пен түйе гирге түсті бәстесіп.
Түйе, өрине, аттан ауыр шығыпты,
Айлакер ат, бірақ, жанжал қылыпты.

Бір теуіп қап таразышы текені,
Балағаттап жер жебіріне жетеді:
— Сен сақалды ит, әуелден-ақ бұзықсың,
Қасақана гирді бүгін бұзыпсың.

Баршаға аян менің ауыр екенім,
Көнбеймін бұл қулығына текенің,
Тыңда, түйе, төреші енді қой болсын,
Таразымыз анау қара жол болсын.

Дауымызды шешетін жер — анамыз,
Қара жолмен қатарласып шабамыз.
Сонда кімнің шықса қатты дабысы,

Сол жеңгені


Мәре жақын, алысы —
Есеп емес озуы не шабысы.

Аңқау түйе көніпті бас шайқамай,
Деп те қойды: — Данасың-ау, қалқам-ай!
Екеуі сол қара жолмен шауыпты.
Бұл бәс, енді, түйе үшін тым хауіпті.

Жұмсақ, жалпақ май табаны балпаңдап,
Түк дыбыссыз түйе өтіпті талтаңдап.
Ат өткенде, жер жаңғыртып сарт та-сұрт,
Көрушілер қол соғыпты шарт та-шұрт.

Қысқарта айтсақ әңгімені созбай-ақ,
Өнерімен, білімімен озбай-ақ,
Кейбіреулер көзге түсер көлбеңдеп,
Ат сыяқты қулығымен көз бояп...

А. Әбенев.



Даниярдың мақсаты

Данияр приемниктің құлағын бұрап қалып еді. Алыс бір жақтан жылдам-жылдам сөйлеген түсініксіз сөздер естілді. Тындап байқаса, оған диктордың дауысы ағылшын тілінің мұғалімі Әсия Хұсаиновнаның дауысына ұқсайтындай сезілді. Иә, бұл ағылшын тілінде сөйлеп тұр. **Book, name, morning** деген сөздер анда-санда құлаққа таныс сыяқты шалынады. Ал, ол сөздердің бәріне бірдей Данияр түсініп тұрған жоқ. Өзіне таныс бір сөзбен екінші сөздің арасында — кен бөгет алаңы — ондаған, жүздеген түсініксіз сөздер қалып жатыр.

Данияр бұған тіпті мұңайып қалды. Жаңа сабақты — ағылшын тілін үйренуге ол өткен жылы қалай құлшына кіріскен еді. Әсия Хұсаиновна класқа патефон да әкелген болатын. Даниярдың тілі күрмеліп, айта алмаған қыйын сөздерін патефон пластинкалары тотыша сайрап нәштеп айтып беретін. Мұндай қыйын сөздерге келгенде Ескендір Сүлейменов қазір де айта алмай бет-аузын тыржыйтып, құр күлімсірейді, ал Данияр болса үйреніп қалды. Баян Мусина, Рахия Ізтілеуова деген қыздар да бұл сөздерді дұрыс айта алады.

Приемниктегі сөз тоқталып, музыка ойналды. Жаңға жайлы таныс ән. Іс тігіп немесе нан илеп отырған кезде Даниярдың анасы да осылай баяу созып қоңырлата ән салатын. Мұны, сірә, Индиядан немесе Пакистаннан беріп тұрған шығар. Көп елдерде ағылшын тілін білетін адамдар бар. Азияда, Африкада, Америкада осы тілде сөйлесуге болады... Данияр өсіп ержеткен кезде ол теңізші болып, бүкіл әлемді кезеді, барлық жерде оның достары бар, солармен түсінікті тілде сөйлесе алатын болады. Немесе, турист ретінде алыс елдерді көруге саяхат шегіп, Европада, Америкада, Азияда, Африкада еңбекші халықтардың қалай тұрып жатқанын көреді, олардың әнін үйреніп, жақсы деген кітаптарын оқыйды.

Тек осыған ол тезірек жетсе екен. Ал,

әзірше Данияр ағылшын тілін ынта қойып оқып жүр. Балалардың үйренуіне жеңіл болуы үшін Әсия Хұсаиновна бұл тілді өздерінің туған ана тіліне қандай ұқсастықтары барын да түсіндіріп қояды.

— Сен «**english**» деген сөзді айтқанда біздің тілімізде бар «н» дыбысын есіңе ал, — дейді мұғаліма Даниярға.

— Ағылшын тілінде де біздің қазақ тіліміздегі сыяқты осы шактың үш түрі бар, — деп түсіндіреді ол балаларға.

— Тұйық буын, ашық буын деп аталатын буын түрлерінің барын сендер білесіңдер. Ағылшынша «**a plate**» деген сөзді қазақша «ана», «**a map**» дегенді «ат» деген сөзбен салыстырып көріңдер. Олардың дыбыс ұқсастықтарына қарай жадыларыңда сақтандар.

Қазақ тілінің грамматикасын жақсы білетіндерге ағылшын тілі онша қыйынға соқпады. Данияр да қыйналған жоқ. Дегенмен, ол әлі өзінің біліміне қанағаттанар емес. Он үш жасқа келмей жатып-ақ ол алған мақсатына лезде жеткісі келеді.

Приемниктің құлағын бұрап қойып, Данияр ағылшын тілі оқулығының беттеріне үңіледі. Ағылшын сөздерін тындай отырып, үйге берілген тапсырманы оқыйды. Тілін жаттықтыра түседі. Бұдан кейін үйге берілген сұрақтарға жауап беру керек.

«Сен қайда тұрасың? Сенің атың кім?» деген сыяқты бірнеше сұрақтардың жауабын жазады. Және бір қысқаша өленді жаттап бару керек. Ескендір әр сабақ сайын:

— Бізге осының бәрі неге керек? Әлде қайдағы біреудің інісі туралы, Ника туралы әңгімелердің қажеті не? — деп күңкілдейді.

Ал, өзі тіл үйренуге тіпті олақ. Бір күні ағылшынша «**Мен оқушымын**» деген сөзді айтудың орнына «**Мен партамын**» деп қойып қалды. Балалардың сондағы оған күлгенін айтсаншы!

Жоқ, Данияр Ескендірдей емес. Сөз қорын көбейтіп, ұмытпай еске ұстаудың қажетті екенін ол жақсы біледі. Егер, қазірдің өзінде, бүгін немесе ертең, ол алыстан Делиден, не Бомбейден, тіпті Лондоннан да дос балалардың бірі келіп кездесе қалса, ол сақау адамша үн-түнсіз қарап тұрып қалмас еді. Ол бұл досына ағылшынша:

— Сәлеметсің бе! Менің атым Данияр. Мен Совет оқушысымын. Мен пионермін. Мен сенімен дос болғым келеді. Біз бірге ойнайық. Ал, сенің атың кім? Сенің туған туыс, аға-қарындастарың бар ма? — дер еді.

Алыстан келген өзіндей қарапайым адам-

ның баласын ол құшақтар еді де, екеуіне бірдей ортақ тілде:

— Друг. Friend. Дос,— дер еді.

Бұл сөздер шын ниетпен, достықпен айтылар еді. Олар қалтқысыз сырласа әңгімелесер еді. Міне, Данияр осыны арман етеді. Күн сайын, әрбір жаңа сабақ сайын, оқулықтың әр бетін оқып өткен сайын оның алыстағы достармен әңгімесі таусылмайтын, ұзақ сонар, қызықты әңгіме сыяқты көрінеді.

...Ағылшын тілін осындай зейінмен оқып жүрген Данияр бір күні бұл сабақта өте көңілсіз отырды. Жалғыз ол емес, басқа балалардың да мойыны салбырап тұнжырап отыр.

Мұғалима олардың бұл көңіл күйін іштей сезе қойды.

— Ағылшын тілін енді несің оқыймыз,— дегілерің келеді ғой, жоқ, өнжырғаларың түспесін, оқыймыз,— деді мұғалима,— ағылшын-француз-израил басқыншылары Египетке соғыс ылаңын салып, қан төгіп жатыр. Бұған халық кінәлі емес, сол елдердің соғысшыл басшылары кінәлі. Бұл үшін олар тиісті жазасын тартады. Ал, тіл — халықтікі. Ол тілде біздің көптеген дос елдеріміз сөйлейді. Оны үйренуге тиіспіз.

Бұдан кейін балалар тағы серпіліп қалды. Сабақ көңілді өтті. Даниярдың алыстағы достарымен тілдесу арманы қайта қанаттанды.

И. Стрелкова.

Шымкент.

Пушкин атындағы мектептің 6-классы.



Әңгіме

«Қазақстан Магниткасы құрылысына барайық»...

Осы ұран бұл күндері әркімді-ақ қобалжытып, ізгі тілек талай жанның арман-ойын талай саққа жүгірткен болар. Ел боп аттанған ұлы дүбірден кімнің шет қалғысы келеді.

Ормантайдың да шет қалғысы келген жоқ. Оның да барғысы келеді. Оның да өз қолымен алып құрылыстың ірге тасын басқалармен бірге қаласқысы келеді. Бірақ...

Бірақ, Ормантайды Магниткаға кім жіберсін. Ешкім де. Мамасы да, папасы да. Оны, тіптен, жалғыз барса киноға да жібермейді. Өйткені, Ормантай, бар болғаны, 10 жаста-ақ.

Жастығы Ормантайға талай жерде таяқ болып тиді, талай сыбағадан құр қалдырды. Ол тың игеруге де бара алмады. Оған да жібермей қойды. Айта берсеңіз, барам деп айттың деп осы уақытқа дейін күледі.

Дегенмен, Магниткаға барамын деген үміттен Ормантай күдер үзбейді. Осы үміт, айта берсеңіз, барған сайын күшейе түсті. Қашып кетсем қайтер еді деп те ойланатын болды.

Бірақ, жалғыз қайда бармақ. Магнитканы қайдан таппақ. Ол қай жақ?

Ормантай картадан қанша іздесе де Магнитканы таба алмады. Жым-жылас жоқ. Тіптен оны Бекет те таба алмай-ақ қойды.

Ал, Бекет бүкіл кластағы ең үздік оқушы. Ормантайдан жасы да үлкен. Сөйте тұра, Магнитканы таба алған жоқ.

— Магнитка деген қала жоқ,— деді ол ақырында, сәл қымсынып, бірақ онысын сездіргісі келмей.

— Бар!

— Мен айтамын, жоқ. Магнитогорск бар, ал Магнитка жоқ.

— Ал, мен айтамын...

Екі баланың ерегесі үдей берді. Осы кезде аға вожатый Хадиша келіп қалды. Картаның алдында таласып тұрған бұл екеуін көрген ол:

— Неғып тұрсыңдар! — деп сұрады.

Вожатыйды екеуі бірдей өздеріне арқа тұта сойледі.

— Бекет айтады, Магнитка деген қала жоқ деп... Бұл сөзге Бекет намыстанып:

— Магнитка жоқ дедім ғой, жоқ. Ал, Магнитогорск бар,— деді ол — айтыңызшы осыны мына Ормантайға.

Хадиша жымыйып күлді. Бұлардың таласын ол түсініп тұр.

— Екеуі де бар,— деді ол. Сөйтті де аң-таң болған балаларға толығырақ түсіндірді.— Магнитогорскі де бар. Ол — бұрынырақ салынған қала. Ал, Магнитка енді салынып жатыр. Біздің Қазақстанда негізі қазір де бар.

Екі бала біріне-бірі бажырайып қарай қалды. Екеуі де осы сыяқты ап-айқын нәрсені о бастан аңғармағандықтарына біртүрлі ыңғайсызданып тұр. Әсіресе, Ормантай. «Еге, солай деңіз,— деп ойлады ол,— енді салынбақшы екен ғой. Олай болса менде не тұрыс бар. Кету керек».

Бекет аңғарғыш болатын-ды. Ормантайдың ойланып қалғанын көрген ол мұнысында бір гөп барлығын сезе қойды.

— Ормантай, неге ойланып қалдың! — деп сұрады ол былай шыққан соң.

Ормантай сәл қобалжып тұрды да, бар сырын ақтарып салды.

— Мұның дұрыс екен,— деп қоштай кетті Бекет те,— сенің орныңда болсам мен де барар едім.

— Барсаң жүр,— деді оған Ормантай,— мен түк қызғанбаймын.

Бекет ауыр ойланып қалды.

— Маған болмайды ғой,— деді ол күрсініп.

— Неге!

— Мен редколлегияның мүшесімін. Кетіп қалуым тіпті жарамайды.

Орынды сылтау сыяқты бұл. Редколлегияның мүшесі... Әрине оған баруға болмайды. Қоғам жұмы-

сын тастап кету қылмыс қой. Бекеттің ере алмайтындығына Ормантай біртүрлі қамығып тұр, онысын Бекет сезеді.

— Сен ренжіме,— деді ол,— қайта батыл бол.

Батыл бол... Айтуға оңай-ақ. Қалай батыл боларсың. Жұрттың бәрі жассың десе, айтқаныңды тыңдамаса, тіпті тыңға да жібермей қалса не істерсің! Ормантай осыны айтты.

Бұл сөз Бекетті ойға түсірді.

— Сен білесің бе, не істеу керектігін? — деді ол әлден уақытта, біртүрлі қуанышты дауыспен.

— Жоқ, білмеймін.

— Редакцияға хат жазу керек.

Ормантай аң-таң.

— Қандай редакцияға? Саған... Сендерге ме?

— Жо-жоқ. Алматыдағы редакцияға.

— Не деп!

— Жағдайыңды айтып хат жазу керек. Көмек сұра. Егер Алматыдағы ағайлар жібереміз десе, сол минутта жібереді.

Ормантай мына сөзге сенерін де, сенбесін де білмей тұр. Әсіресе, оның сенбейтіні бас салып редакцияға хат жазуға болатындығы. Ормантайдың ұғымынша, редакцияға тек үлкейген адамдар ғана сөз жаза алады. Ал, ол... Әй, мүмкін емес!

Осы ойын Бекетке айтып еді.

— Рас! — деді оған Бекет,— редакцияға тек үлкендер ғана жазуы керек. Ал, сен жасымды үлкейт деп сұранасың ғой. Егер олар мұны қабил етсе, сөзің де құлақ салады, өзіңді де Магниткаға жібертеді. Мен білемін ғой редакцияның сырын.

Осылай деуін дегенмен, Бекет те өз сөзіне өзі оиша сеніп тұрған жоқ. Бірақ, Ормантайға көмектескісі келген тілегі бәрінен де басым кеп, ертеңгі күннің қорқынышын былай ысырып тастаған.

Ормантай сенді. Сенбейші! Бекет те редакцияның мүшесі ғой. Рас, оныкі қабырға газеті ғана. Бәрін өздері жазады. Әйтсе де, олар газетке шығарып қойсыншы, сонау күнгі Аймақан сыяқты 2—3 күн жылап жүрерсің.

— Бірақ, сен көмектес, қалай жазайын? — деп өтінді ол.

Бекет көнді. Оңашаға барып қолына қалам алған Ормантай сәл ойланды да, бас әріппен «Ардақты ағай» деп бастады.

— Мұның жарамайды,— деді оған Бекет. «Құрметті редакция» деп бастау керек.

— Бәрі бір емес пе?

— Әрине, бір емес. Мен айтқандай етіп бастама-саң редакция ашупанып қалады да, хатыңды жыртып тастайды. Я болмаса, мамаңа шағым жазып жібереді.

Шошып кеткен Ормантай хатын қайта бастады. Сонан кейін Бекет не айтса, түгелдей соны жазды. Сондағысы мынау болатын.

«Құрметті редакция! Менің атым Ормантай, екінші класта оқып жүрмін. Менің Магнитка қаласын салуға барғым келеді. Бірақ, мамам да, тағы басқалар да жібермейді. Әлі жассың. Өскен соң барасың дейді. Ал, оған дейін Магнитканы салып бітеді ғой. Сонан соң мен ісейтін ешнәрсе табылмай қалуы мүмкін. Менің қазір барғым келеді. Бару үшін не істеуім керек. Егер сіз айтсаңыз жіберер еді. Жазып жіберіңізші!».

Күні бойы жазып, талай рет қайта көшірілген осы хат ақыры дайын болды. Енді адресін жазу керек. Оны жазу мүлдем оңай екен. Алматыдан шығатын газетті алған екі дос, төртінші беттегі адресі түп-түгел көшіріп жазды. Рас, газеттің атын көрсету екеуінің де ойына келген жоқ. Бірақ, оның орнына телефон номерлерін көрсетуді екеуі де ұмытпады.

— Енді жібере беруге болады,— деді Бекет.



Ормантай әлі қобалжулы. Ол ешқашан да хат жазған емес, ешкімнен хат та алған емес. Почтальондар ашупанып, не болмаса пионер емес бала жазғандығын әлдеқалай біліп қойып, редакцияға апармай жүрсе не болады. Бекет екеуі ойласа келіп, конверттің сыртына «Почтальон ағайға рақмет» деген сөз жазды. «Почтальонды мықтап тұрып алдадық» — деп ойлаған екеуі, мұнан соң хаттарының дәл баратындықтарына шек қойған жоқ.

Арада біраз күн өтті. Екі дос Алматыдан асыға хат күтті. Әрине олар адресін шатастырдық деп ойлаған да емес. Қалай етсе де жауап келетіндігіне әбден сенді. Әсіресе, Ормантай. Ол, тіптен, алыс жолға жыйнала да бастады.

Бір күні Алматыдан шынымен-ақ хат келді. Басқа ешкімге келген жоқ, дәл Ормантайдың атына келді. Өмірінде тұнғыш рет хат алған ол, жүрегі дүрсілдеп, ішін ашып оқығанша тақат қып тұра алмады. Бекетті тауып алды да, екеуі тағы оңаша шықты.

Хат ұзақ емес, қып-қысқа. Белгісіз бір ағай «Ормантай інішек» деп бастап, былай деп жауап жазыпты.

«Алып құрылыстарға барғың келетіндігі жақсы екен. Бірақ, сен асықпа. Өсе түс. Жақсы оқып мектебінді бітір. Білім ал. Саған да іс табылады, сені де талай-талай жақсы істер күтіп тұр. Сол іске табанды, білімді, қайратты адам болып кіріс. Ойланшы, дұрыс емес пе? Осы хатты жолдастарыңа да оқып бер. Олармен де ақылдас, не дер екен».

Ормантай мен Бекет біріне-бірі бажырайып қарай қалысты. Екеуінің де пішіндерінде риза болғандық кескін бар. Қуаныш та бар.

— Мен білдім ғой,— деді әлден уақытта Бекет,— дәл осылай жауап берер деп ойлап жүргем.

— Мен де білгем,— деп Ормантай да қосарлана кетті.

Сөйтті де екі дос жүгіріп ала жөнелді. Бет алыстары аға пионер вожатый Хадишаның кабинеті болатын. Сірә, әлгі жауап хатты басқаларға да оқып берсек қайтер еді деп ақылдаспақшы-ау...

Қызылорда облысы.

О. Бодықов

Құрақтың құлығы

Көптен кездеспеген бір танысым ұшыраса қалды. Сөзден сөз туып, ол маған мынадай бір әңгіме айтты.

Мұны өз көзіммен көрдім, басқа біреу айтса сенбес те ем... Демалыс күні еді. Көшіп келгенімізге екі-ақ күн болған. Үйден шықсам көршімнің баласы Құрақ томсырайып тұр екен. Мені көріп, жайдарылана қалды.

— Аға, қайда бармақсыз?

— Шылым керек еді...

— Соған да әуре боласыз ба, ақшанызды беріңіз, мен әкеле қояйын!

— Саған сатпас.

— Түу, аға-ай! Сатушылар бізде кім екенін талғамайды, әйтеуір ақша болса...

Мен келістім де, ақшамды беріп жатып оның тез оралуын өтіндім.

Сол кеткеннен Құрақ жоқ. Шылымның құмарлығы да бір пәле ғой, магазинге өзім бардым. Онда да, көшеден де ол көзіме түсе қоймады. Ертеңіне бір-ақ көрдім.

— Аға, «Беломор» алып ем... жолда біреу алып қойды. Сізден ұялып келе алмағаным...

Мен сендім, бірақ келесіде аңдасам, істің түрі өзгешелеу болып шықты. Секем алдырған да баланың өзі болды.

— Папирос әкеп берейін,— деп біздің үйге тағы келді. Бұл жолы ақшаны қолына бердім де, сездірмей сонынан жүрдім. Құрақ магазинге келіп екі пачка «Спорт» алды. Сатушыдан екі адым ұзар-ұзамаста, бірін суырып аузына тістеді де, тұтатты.

Жығылып жатып сүрінгенге күлме!

Жол үсті тайғақ, көк мұз болатын. Ораз Қазбектің жанында келе жатып бірдеңе айтуға оқталды да, жолдасына жалт қарай



«Мұның қалай!» деген сатушы, я сондағы жұрттың бірі болмады.

Папиростың түтінін будақтатып Құрақ клубқа келді. Сыздана сөйлеп, кассирден билет алды. Мүлде өзгере қалған, үйіндегі манағы сыпайы мінезінің бірі жоқ. Папиросты әлі тістеп жүр. Клубқа кірмек болып еді, алдынан шыға келдім.



Сасқанынан ол бір орнында қата қалды.

— Мен... Сіз...

— Түсінікті,— дедім мен.— Үлкенді алдауды кәсіп еткенің мақтарлық емес, інім.

Жолдасымның әңгімесін тындап болған соң «Алдамшы бала да саппас, оны шылымға жұмсап жүрген сен де саппас екенсің»— деп ойладым ішімнен.

Ш. Серімбетов.

Оңтүстік Қазақстан облысы,
Шаян ауданы.

бергенде, кенет аяғы тайып кетіп, жерге ұшып түсті.

Қазбек бұған қарқылдап кең күлді де, Ораз тұрған соң ақыл айта бастады.

— Байқап жүру керек. Әйтпесе мертігіп қаласың. Тал түсте жығылып не болған өзіңе?! Қо-о-ой, сені! — деп ол қолын күлаштай сермеп қалғанда, әлдеқалай сүрініп кетіп, бір жағына қарай жантая берді. Ораз оны жығылып бара жатқан жерінен ұстап қалды. Қазбек қос тізерлей шөге беріп, лезде тұрып кетті.

— Ақыл айтқанша сен де мені осылай ұстап қалсаң етті, «Жығылып жатып сүрінгенге күлме» деді оған Ораз.

М. Гүмеров.

АҒАСЫ МЕН ҚАРЫНДАСЫ



Әңгіме

Апасын күте-күте шаршап ұйықтап кеткен Әлім дәл түсте үй ішіне түскен күн сәулесі шекесін қыздырып, денесі ысый бастағанда оянып кетті де, әлденеден шошынғандай атып тұрып, жанында жатқан кішкене қарындасы Мариямды көргеннен кейін ғана жүрегін орнықтырды.

Ол танауы пышылдап, тәтті ұйқыда жатыр еді.

Әлім Мариямды оятып алмас үшін аяғының ұшымен жүріп, бөлменің ішін тексере бастады.

Сәлден соң Әлімнің үйде отырғысы келмеді. Апасының жоқ құнандарды іздеп кетіп, әлі оралмауы оның тынышын кетірді. Осы кезде Мариям да оянды.

— Мариям, сен іште отыра тұршы, мен сыртқа шығып келе қояйын.

— Жоқ, жоқ, кетпеші, қорқамын. Естисің бе, әні, тыңдашы, тағы мысық ыңылдайды. Өнеукүні менің қолымды тістеп алатынның дәл өзі, даусы осындай болатын.

— Әй, бір өзің... Ал, жүр, екеуміз де шығайық!

Олар тысқа шыққанда күн көзі түстіктен біраз ауған еді. Бірақ, ыстығы әлі басылмаған, тамылжып тұр, айналада торғайдай үлбіреп, сағым көлکیدі.

Әлім үйдің төбесіне шығып, айналаға көз салып еді, Каспийдің су басып кеткен аралдары көрінді. Күні кеше ғана ашық жатқан аралдар бірер күннің өзінде-ақ суға шомылып, тек құрақтар ғана бойлап тұр.

Жарға салынған бөгет жырылып, құлап

аққан су тасқыны әлі толтырып болмаған, қыя төбені бауырлай жатқан жыраның арғы бетінде аралшық болатын. Ол су басып кеткендіктен, ондаған бөлікке бөлінген. Ал, бөлінділер мұхит бетінде қалқып тұрған ірілі-ұсақты кемелердей қарайып көрінеді. Мұхиттың көк бұйра толқынындай күлімдеген сұлу сағым суға шомыла бастаған алапты жаңа бір түрге ендірген. Ашық алаңдардағы көркемдігі көз тартқан көк майса шалғын, әдейі төсеп қойған кілемдей құлпырады.

Әлім жазықтықтан бірте-бірте қырлыққа айнала бастаған құмайты сонау алыстан қарап еді, бұрқыраған шаңды көрді де, бастапқыда құйын ғой деп елемей, сәлден соң суға қарай шауып түскенде, оның төрт-бес саяқ екеніне әбден көзі жетті. Олар бастарын көтерместен су ішті де, ойнақшып аралшыққа шықты. Әлім әлдене ойлай қалды: «Барып, көріп қайтсам қайтер еді. Мүмкін, осылар болуы...» Ол осы ойын Мариямға айтып, үйде қала тұрасың ғой деп көріп еді, Мариям жыламсырай бастады.

— Барма деймін, бармашы. Апам үйде ешқайда шықпай отырыңдар дегені қайда? Бәлем, апама айтамын. Суға түсіп кетесің, ері оларды танымайсың, бәрі де асау, тістейді, не тебеді.

Әлім Мариямның қарсылығына ашуланып қалды да, кейіп сөйлей жөнелді:

— Сен неменесің, осы? Қойып жіберсін демесең енді... Ылғый қарсы шығасың да жүресің. Құнандарды танымайтын мен кіш-

кене бала дейсің бе? Құлақтарына сырға таққанда әдейі қарап тұрған жоқ па едім! Бірінің құйрығы шолақ, бірінің жалына бір топ ошаған жабысып қалған, ал енді бірінің құлағында да бір-бірден темір сырға бар. Өзің де естідің ғой, апам таба алмасам, қырлықтан іздеймін деп айтпап па еді? Егер осылар болса, апам қырлықтан ештеме іздемейді де, шаршамайды да.

Жылап жібере жаздап тұрған Мариям:

— Онда мені де ала кетші, — деп жалынды.

— Марияш-ау, түсінемісің, өзің айтып тұр емеспісің, су терең ғой, екеуміз бірдей бара алмаймыз.

— Мен қайда қаламын?

— Жақсы, онда сайдың жағасында қал, — деді. — Түсіндің бе? Менің бойым ұзындау ғой, өтіп шығамын да, құнандарды көріп қайтамын. Сен тек қозғалмай күтіп отыр. Болды.

Мариям кенді, екеуі жыраның жағасына келді.

Сайдағы су қатты аққанымен терең емес-ті. Әлім әуелі қай жерінен өтіп шығарын біле алмай, аңырып тұрып қалып, суға түсті. Оның жүрегі аздап қобалжып, бойын қорқыныш сезімі билегендей болды. Сонда да өтіп шығуға бел байлады. Жүрегін басу үшін су жұтты да, аяғымен алдын барлай жәйімен жылжый берді. Сайдың суы тереңдей түсіп, ағыны үйіре бастады. Кеудесіне дейін суға малынып келе жатыр еді, кенет қазылып қалған шұңқырға түсіп кетіп, аяғы жерге тимей қалды да, ағынды толқын басын жауып, Әлім шашалып қалды. Арт жақтан Мариямның шыр еткен даусын естіп, Әлімнің жүрегі қысылды. Тек аяғы жерге тигеннен кейін ғана ілгерілеп жүрді де, қарсы жағаны бойлай өскен талдың бұтағынан тартып, жағаға шықты.

— Қорықпа! Ештеме де болмайды, — деп айқайлады қарындасын жұбатып.

Аралда қамыс өседі, оның арасы су. Су Әлімнің тізесіне де жетпейді. Әлім аяғына түбір кіріп кетпес үшін ептеп басып жүрді. Ол, қамыстың сыбдырынан үркіп үйректердің пырылдап ұшқанын, қоғажайдың түбінен шоршып шортанның шолп еткенін ол естіп келе жатты. Қамыстан әрі жылқылардың суды шалпылдатып жүргені де, батпақтан тұяқтарын солқ еткізіп суырып алғаны да, құйрықтарымен суды шылпылдатқаны да айқын естілді.

Әлім жанына келгенде, саяқтар ожырая-ожырая бір-бір қарап алды да, баласынып мәнсінбегендей су ішінен алаңсыз шөп жү-

ла берді. Әлім тек біреуін ғана таныды. Ал, екеуінің бір-бір құлағы жырымдалған да, оның бірінің жалында, Әлім ойлағандай бір топ ошаған емес, санап алғандай ғана ошаған қалған; екіншісінің маңдайы батпақпен былғанған: қылаң ба, баран ба, айырып болмайды. Қас қылғандай, бәрінің үсті де су-су. Ал, қалған бір-екеуін Әлім танымады — шу асаулар.

Әлім сайға жақындағанда арғы жағадан шар еткен қарындасының даусын есітті де, аяғына қамыс кіргеніне қарамастан тұра жүгірді. Оның қарсы алдында сайда толқындары төңбекшіп су ағып жатты. Аптыққан Әлім ештеме ойланар емес. Аралшықтың арғы басында жаңағы жылқыларға қарай ойыстап келе жатқан бір аттылыны да елең қылмады. Жармасып ол суға қарғып түсті. Ол бойлаған жеріне дейін жүріп көріп еді, аяғы жерге тиіп келе жатқанның өзінде де, ағын оны жұлқылап, қыйыстата бергені сезілді. Бойламай кеткеннен кейін су шашыратпай аяқ-қолымен малтый бастап еді, үйіріліп сырғыған ағын оны бірден ықтырып әкетті. Қарсы жағада қарындасының тағы да бақырған даусын Әлім естіп келеді. Жыламасайшы деп айтуға өзінің де шамасы жоқ. Ол ағын қанша жұлқып тартса да, сонша тырысып, тек алға жылжый түсуге ұмтылады.





Кәкен ояғанда, таң сарғайып қалған еді. Ол киімдерін асыра киіне бастады. Ұйқы құшағында жатқан анасын оятып алмас үшін, ол ешбір оқыс дыбыс шығармауға тырысып бақты. Әйткенмен анасы кенет оянып кетті.

— Кәкенжан, таң сәріден қайда барасың?

— Жай әншейін, апа, далаға шығып келейін,— деп едім.

— Мылтықты не қыласың?

Кәкен енді қысылыңқырап, шынын айтты:

— Апа, кеше Қайрат екеуміз Қоскөлге барып құс атайық деп едік. Соған қамданып жатырмын, сіз ұйқыңызды бұзбай ұйықтай беріңіз.

— Жаным-ау, әлі ерте ғой!

— Жок, апа, біз Қоскөлге аяндап жеткенше, күн де шығады ғой.

— Жарайды, Кәкенжан, барсаң бара ғой, бірақ кешке қалмай ертерек оралыңдар.

Кәкен үнсіз мақұлдап басын изеді де, үйден шықты. Қайратқа келсе, ол да киініп дайын отыр екен.

Әр-беріден соң екі бала ауыл сыртындағы сүрлеу жолға түсіп алып, жиектегі қалың қамысты Қоскөлге қарай жүріп кетті. Таң самалы есіп тұр. Көктемде шешек атып қалған гүлдердің жұпар иісі аңқыды. Бозторғайлар таң хабарын жар салғандай біресе қонып, біресе ұшып шырылдайды.

Балалар әңгімемен Қоскөлге қалай келіп жеткендерін де білмей қалысты. Бұлар көлге жақындап келгенде, күн де шығып қалған

Жаға таяу қалғанда бір шомбал тасқа соғылып, үйірілген иірім Әлімді ұстап, не әрі, не бері жібермей қойды да, бүрме тікенекті ығынды шөп оны жауып кетті. Әлім бір батып бір шығып, тұншыға бастады. Ұйтқыған толқын әлсін-әлсін кеудесінен түйгіштеп, бір жұлқып, бір жаныштап, алқындырып барады.

Әлім күшін жыйнап, бар екпінімен бұлқып, ілгері ұмтылып еді, қасарысқан иірім денесін суырып тартып, әлдебір күшті толқын кейін серпіп жібергендей болды. Әлім басын тасқа ұрып алды, көзінен ыршып шыққан жас толқынмен бірге бетін жуып, көзін аштырмай тастады.

Әлім ілгері ұмтылмақ боп еді, бірақ ештеңе бітіре алмады. Ығынды шөп енді аяғына шырмалып, қапсыра түсті де, толқын үсті-үстіне ұра берді. «Біттім енді» — деп

ойлады Әлім. Оның байқап қалғаны қарындасының бақырып, әлдекімді шақырғаны.

Ұйқыдан оянып кеткенде, Әлім үйде жатқанын көрді. Ойлап-ойлап көріп еді, су ішінде малтып жүргенінен кейін не болғанын есіне түсіре алмады. Ояу жатқанын сезген Мариям оның жанына келді де, қолын сыйпады.

— Әлім, білесің бе, апам келіп тартып алмағанда жаман болатын еді. Су ішінде мойның қылтылдап, қолың тек ербеңдей берді ғой.

— Мені судан апам шығарып алды ма?

— Я.

— Апам қазір қайда? Ренжіген шығар, ә?

— Асханада тамақ дайындап жатыр.

Сол сәтте үйге ана кіріп, балаларының жанына келді де, Әлімге қарап, үнсіз ұзақ тұрып қалды.

З. Серікқалиев

еді. Көл айнадай жарқырап жатыр. Қамыстар көктем желіне бас иіп мүлгіп тұр. Түнгі ұйқысынан оянған бірен-саран құстар көл жиегінде ұшып-қонып жүр. Балалар күннің қыза түсуін күтіп, көл жиегіндегі көгалға отырысты. Түнгі ұйқысынан оянған үйрек, қаздар көл жағалай қыйқулап, жар салуда. Бұдан әрі отыруға шыдамаған балалар үстеріндегі ауыр киімдерін шешіп тастап, шалбарларын тізелеріне дейін түріп, бұқпалай басып, қамыс арасына кіріп жоқ болды.

Түс ауа Қайрат пен Кәкен атып алған үйрек, қаздарын бір жерге жыйып, көлдің ық жағындағы ояңға келіп отырысты. Көлдің шығыс жақ жағасы қалың қарағайлы Төсектас тауына тірелген. Кәкен мен Қайрат көлден біраз балық аулап алысты.

— Қайрат, мен мына балықтарды аршып бақыршаға сала берейін, сен тау ішінен қу бұтақ теріп әкел.

— Сен үйден біржолата қамданып шыққан екенсің ғой.— деп Қайрат Кәкенге қызыға қарады да, тау ішіне қарай жүгіре жөнелді.

Міне, балалар пісірген балықтарын алдырына алып, жеуге кірісті. Сол сәтте:

— Е, балалар, серуендеп жүрсіндер ме?— деген күтпеген дауысқа екеуі де бірден жалт қарасты. Кәкен мен Қайрат орындарынан ұшып тұрысып, келген адамға сәлем берісті. Бұл келіп тұрған «Жаңа тілек» колхозының жылқышысы Бақтыбай қарт еді.

— О, жігіт екенсіндер ғой, осыншама үйрек пен қазды өздерің атып алдыңдар ма?— деді қарт, балаларға сүйсіне қарап.

— Ие, ата, біз мұнымен бірге балық та ауладық, әне қараңызшы ірі шортан балықты,— деп балалар қартқа мақтана жауап қайырды. Қарт кеткеннен кейін балалар айнала сұлу көріністі тамашалап біраз отырысты. Көлдің арғы жиегіндегі жайылымда колхоз жылқысы жайылып жүр. Күн ұясына еңкейіп қалған. Батар күннің сәулелерімен қызыл шұғадай құлпырып тұрған қазбауыр бұлттар енді сүреңсіздене қалған. Балалар құс атудың қызығымен күннің қалай батқанын да білмеді. Ымырт жабыла бастағанын байқаған Кәкен:

— Қайрат, ымырт жабылып, қараңғылық түсіп барады. Маған шешем кешке қалмай ертерек оралыңдар деп еді, ауылға қайтайық,— деді.

Досының айтқанын Қайрат та бірден құптады. Балалар атып алған құстарын таяққа тізіп байлап, мылтықтарын асынып тау етегі мен көл арасындағы жалғыз аяқ жолмен үлкен қара жолға қарай тартып кетті. Түн қараңғылығы әбден түскен. Таудың түстік жа-

ғындағы кең қойнауға жайылып жүрген жылқылардың дүбірі, құлын, тайлардың шапқан дүрсілі мен кісінегені естіледі. Міне, енді жайылып жүрген жылқылардың қарасы да көріне бастады. Балалар жүрістерін жылдамдата жылқыға жақындап қалды. Күні бойғы қыймылдан шаршаған ба, әлде өзінің жүрісі солай ма Қайрат Кәкенпен қалып қоя берді. Ауылға қарай беттеп келе жатқан екі баланы жылқы жақтан тосыннан шыққан құлынның ащы шыңғырғаны жалт қаратты. Кәкен жылқының қатты шыңғырғанына аң-таң болып:

— Қайрат, не болып қалды жылқыға?— деп досына абыржый қарады.

— Не тиюші еді қазір жылқыға, әшейін құлын, тайлар ойнап жүрген шығар,— деді Қайрат.

Енді жылқылардың кісінесіп, дүрлігіп олай-бұлай шаба бастағанын балалар айқын көрді.

— Жылқы жайшылықта осылай сапырылса ма. Қайрат деймін, жүрші тез жылқыға барып уақыйғаны өз көзімізбен көрейік,— деп Кәкен жүгіре жөнелді. Қайрат та Кәкеннің сонынан ерді. Кәкен жылқыға шамасы жетпіс-сексен метрдей қалғанда тоқтады да, бар пәрменімен жүгіріп келе жатқан Қайратты тежеді.

— Тоқта, Қайрат! Мына жылқылардың әбігерінде бір сыр бар. Мүмкін жылқыға қасқыр тиген шығар. Екеуміз де мылтықтарымызды оқтап алайық. Кәне Қайрат, тезірек оқта мылтығыңды,— деді де Кәкен мылтығын жалма-жан оқтай бастады.

Осы мезетте шапқылаған бір топ жылқы бұлардың дәл жанынан өте шықты. Ал, өзге жылқылар бір жерде шыйыршық атып кісінесіп тұр. Балалар жылқы маңайына көздерін тіге қалысты.

Үлкендігі кіші-гірім тайшадай үш қасқыр жылқыларды айнала арбап, ретті кезеңді күтіп жүрген сыяқты. Шетке қарай шығып кеткен бірлі-жарым жылқыға ызбарлана ырылдай ұмтылысып, бір жерге ұйлықтыра түседі. Балалар шоқ-шоқ болып өскен шіліктерді паналай жылқыға таяй түсті.

— Кәкен-ау, Кәкен, жақындама енді. Мына шілік жиілеу көрінеді, осының тасасына жасырынып, қолайлы кезеңді күтейік,— деп сыбырлай сөйлеген Қайрат Кәкенді еріксіз жеңінен тартып тоқтатты. Балалар шілікке келіп жасырынып, шілік арасынан жылқы мен бөрілерге көз тігіп отыр. Қасқырлар балаларды сезген жоқ. Олар барған сайын жылқыға төне түсуде. Жылқылар шұрқырасып, шоғырланған сайын, көкжалдар да жылқыға жақындай түседі. Олар кейде жа-



та қалып құйрықтарын бұлғандатып, жылқыларды арбайды. Бірақ, шошынған жылқылар оларға жақындар емес.

Кәкен мен Қайрат мылтықтарын кезеніп, демдерін іштеріне тартып қатып қалған. Дүрліге соққан жүректері тайдай тулап, қолдары қалт-қалт етеді.

— Қайрат,— деді демін ішіне тартып, алқына сөйлеген Кәкен,— қайткенде жылқыны аман алып қалуымыз керек. Сен ана жер тарпып, ырылдап, қарақасқа құнанға ұмтылғалы тұрған бөріге кезен және екеуіміз бірден атайық, менің белгімді күт,— деп өзі біресе тұрып, біресе отырып бөрілерге қайта көзін тіге бастады. Осы кезде жылқының сол жақ шетінде тұрған көкжал шеткері шығып кеткен ала құнанға оқша атылып алқымына жабысты. Шыңғырған құнан алдыңғы аяқтарын бүгіп тізерлеп барып, тұрып кетті де олай-бұлай жұлқынып аласұрды. Басқа жылқылар еріксіз ысырылып жан-жаққа быт-шыт боп қаша жөнелісті. Қалған екі қасқыр екі жылғы ту күрең қасқа биені қамалап, екеуі екі жағынан биеге ұмтылысты. Бие алдына келген қасқырды тістеп, артына келгенін қосаяқтап теуіп, жан ұшыра қорғанып жүр. Кәкен ала құнанға жабысқан қасқырдың құлақ шекесін нысанаға алып, атып та үлгірді.

Іле-шала Қайраттың мылтығы да гүрс етті. Мылтық түтіні тарасымен балалар ұшып тұра келісіп, алдарына ентелей көз салысты.

Ала құнанға жабысқан қасқырдың тышырлап жатқанын, күрең қасқа биені қамаған қасқырлардың зытып, дөң асып бара жатқанын көргенде балалар бір-біріне мақтанышпен қарап, жығылған қасқырға қарай ентелей жүгірісті.

Көкжал біресе олай, біресе бұлай дөңбекшіп, аяқтарымен жер тырналап, тістерін шақыр-шұқыр еткізеді.

— Әне! — деді бөріге шұқшыя қалған Қайрат,— айттым ғой ол әлі өлген жоқ.

— Ендеше мен оның сазайын берейін,— деп Кәкен қасқырды көк желкесінен көздеп тұрып тағы да атып қалды. Көкжал аяқтарын ербеңдете бір домалап түсті де, сұлық серейіп қалды.

— Ә, бәлем, енді сазанды тартқан шығарсың, тас қапқыр! — деп Кәкен қасқырдың жанына жетіп барды. Осы кезде астындағы қара биені оңды-солды қамшылап жылқышы қарт та келіп жетті. Ол аттан қарғып түсіп, өліп жатқан қасқырды, оның қасында тұрған екі баланы көріп қатты қуанды.

Қоштасарда жылқышы балаларға:

— Рақмет, қарақтарым, малдың жауымен әрқашан да осылай күресу керек. Сендердің бұл ерліктеріңді колхозға ертең-ақ хабарлаймын,— деді. Кәкен мен Қайрат жадырай күлімдеп біріне-бірі қарай берді.

М. Қасенов



ЖАС АҒЫНДАР ТВОРЧЕСТВОСЫ

ҚАРЛЫҒАШПЕН ӨНГІМЕ

Аулада қанат қағып жүрдің рас.
Көрсеттім келгеніңе шын ықлас.
Арада аз күн өтті ұя салдың,
Қуандым бұған мен де, о, қарлығаш.

Қызыға қарадым мен қанатыңа,
Үңілдім ұяңа да ара-тұра.
Сол сәтте шырылдадың, жақтырмадың,
Ұмтылдың, айбат шектің маған тура.

Шыйқылың жас бөбектің күлкісіндей,
Өзіңді кейбір бала жүр түсінбей.
Ұяңның бұжыр-бұжыр қабырғасы,
Текшеленген әдемі үй кірпішіндей.

Жүріпін баста оны түк аңғармай,
Таңғалдым тамаша еді ұяң қандай.
Болсаң да жартысындай жұдырығымның
Жаз бойы іс істедің тыным алмай.

Ұяңда бір күндері ұзақ жаттың,
Тимедім, шын қамқорлық жүз аңғарттым.
Ауырып қалды ма деп күдіктендім.
Қайғырдым шым-шытырық ойға баттым.

Қуанып достарға да қаратамын,
Шулайды қызыл-шақа балапаның.
Жүгірем, айқайлаймын қол шапақтап,
Қызарып кетті екі алақаным.

Тыншымай сенен бөтен асығар кім,
Аулақтан жейтін жемін тасып әр күн.
Шәлдетпей, ашықтырмай балларыңды
Бір өзің, өзің ғана асырадың...

Мол жазып қанатыңды аспандадың,
Шаттықтың шырқай түсіп асқақ әнін.
Өзіңе ере ұшты балапандар.
Алысқа алып кеттің бастап бәрін.

Күзгі жел тыншымайды аңыраған,
Сап-сары жапырақтар жамыраған.
Қайда әлгі шыйқылдаған балапандар,
Ұяңа қарай бердім қаңыраған.

Жүрсің сен аспанында қай жерлердің,
Елестеп кейде алдымнан көлбеңдедің.
Шыйқыл жоқ азан-қазан... бөлме жым-жырт,
Көңілім орта түсіп қалды менің.

Тұманбай Молдағалиев



МИЛЛИАРД ДЕГЕН НЕМЕНЕ!

Миллиард пұт астықты,
Тапсырдық Отанға! —
Мамам да шат тіпті,
Сонша шат папам да.

Көбейту кестеден
Ол қанша бес екен! —
Таппадым миллиардты.
Білмедім, мый қатты.

Ақыры:
— Ол көп пе! — деп,
Папамнан сұрадым.
— Миллиард па, тіпті көп,
Тіпті көп, шырағым!

Тиеуге біржола
Миллиард пұт астықты,
Алпыс мың эшелон
Болады аз тіпті.

— Қанша ма ол! — деймін, —
Түсінгем жоқ әлі,
Санды әлі білмеймін.
Бір мыңнан жоғары!

— Бес жерде он неше!
— Ол — елу білемін!
— Дұрыс-ақ, ендеше,
Миллиард дегенің...

Дәл елу килодан
Дән салып әр қапқа,
Қойса егер оны адам
Қаз-қатар, бір сапқа.

Сан село, қалалы
Болса да шартарап,
Миллиард пұт алады
Жер шарын төрт орап!! —

Деппін мен қайталап.
— Білемін мен енді,
Миллиард дегенді!

ЕГІСТІК

Күн-түні бір тынбай,
Тербеліп толқындай,
Диханға бас иіп,
Тұрған жоқ мол бидай.

Өзге енді бай дала:
Қырда да, ойда да,
Сар бала шашындай,
Қырқылған айнала!

Ә. Ахметов.

КӨРКЕМ ӨНЕРПАЗДАР ҮЙІРМЕСІ

Залда отырғандар үнсіз сахнаға қарайды. Қараторғын шымылдық толқып тұрды да, жайлап ашылып кетті. Үйірме басшысы «Бастаушымыз, партия» деген хорды оқушылардың орындайтынын хабарласымен-ақ, сахнада топтана ретімен тұрғандардың ішінен жіңішке қыз даусы саңқылдай жөнелді. Әннің қайырмасына келгенде, серпінді ер балалар даусы да асқақтай көтерілді. Залдағылар хор бітісімен ду қол шапалақтап, өздерінің балаларына ерекше құрмет көрсетті.

Бұл — Нарынқол ауданындағы Абай орта мектебінің көркем өнерпаздар үйірмесінің концертінің алғашқы номерінің орындалған кезі болатын.

Жаңағы хорды бастаған VII «б» класының оқушысы Роза сахнаға жеке шығып «Ленин таулары», «Комсомолдар» деген әндерді орындады. Сол сияқты басқа оқушылар да түрлі тақпақ, әндер орындады. Бүгінгі концертке келгендер үйлеріне риза болып қайтысты.

Мектеп жанынан ұйымдастырылған бұл үйірме екі жылдан бері жақсы жұмыстар істеп келеді. Қазір үйірмеге мүше болған оқушылардың саны 50 ге жетті. Олар аудан орталығына жақын орналасқан Каганович атындағы колхоз бен Абай атындағы колхоздарға да жиі барып ойын-сауық көрсетіп жүр.

Үйірме мүшелері жаңа жыл кешін де қызу әзірлікпен өткізді. Үйірме жұмысының жандануына Роза мен апалы-сіңлілі Наумовалар үлкен үлес қосуда.

Үйірме мүшелері қысқы демалыстарын ауданның көптеген колхоздарына ойын-сауық көрсетумен өткізбек.

Қ. НҮСІПӘЛИЕВ.

Алматы облысы.

ДРУЖИНА ЖҮЛДЕСІН АЛУ ҮШІН

Дариға Жотаеваның I-звеноның вожатыйы болып сайланғанына бірнеше күн өтті. Ол бұл күндердің ішінде кластың тазалығына ерекше назар аударып жүрді.

Класс активтерімен біріге отырып кластың тазалығын тексеріп шығу оның күнделікті әдетіне айналды.

Бүгін де өзінің әдеті бойынша кластың тазалығын мұқият қарап шықты. Класс едені тап-таза. Парталардың кітап қоятын қуысын, терезенің алдын ақ қағазбен сүртіп көрді. Тіпті кірдің дағы да жоқ. Ол енді қайтуға айналды да, әлденеге күдіктеніп тұра қалды. Жаңа кебе бастаған қара тақтаның бетінен айғыз-айғыз жолақ көріне бастаған еді. Ол кідіріп қалды. Дариға қасындағы Бақытқа қарап:

— Көрдің бе, бұлар не істеп кеткен. Бор сіңген шүберекпен тақтаны сүрткен ғой! Мәссаған, парталардың бетін қара! Кел, Бақыт, реттеп кетейік!

— Түү, қайтайықшы, Дариға. Түні бойы осында жүрмекпіз бе,— деп Бақыт ренжи бастады. Шынында да, түн қараңғысы ауылды бүркеп алыпты.

— Көре тұра тастап кетудің жөні жоқ, Бақыт. Асықсаң, бара бер.

Дариға жалғыз өзі кластағы парталарды, тақтаны жуып, сүртіп тазалады. Ол кластың есігін жауып далаға шыққан кезде, түн тастай қараңғы еді. Бойы сәл тітіркеніп тұрды да Дариға қараңғы түннің құшағына сүңгіп кетті. Анасы күте-күте шыдамы таусылып, енді баспалдақтан аттай бергенде, Дариға да үйге келіп жетті. Мейірлене құшағын жайған ана кішкентай Дариғасынан:

— Құлыным-ау, осышама кешіккенің не? — деп сұрады. Дариға да ана құшағында еркелей тұрып, өз звеносының істеген шалағайлығын баяндап болып, көңіліндегі қуанышын да жасырған жоқ.

— Мама, біздің класс осы демалыста тегін кино көретін болды. Біздің тазалық вымпелін ұстағанымызға бір ай. Біз ол вымпелді енді екі ай ұстасақ, дружина жүлдесін аламыз,— деді.

— Тапсырған істі тыянақты орындау жақсы болады, құлыным,— деді анасы күлімдей түсіп.

М. СЫДЫҚОВ.

Семей облысы, Шар ауданы.

№ 60 қазақ орта мектебі.



„ҰШТАЛМАҒАН ҚАРЫНДАШ“

Төртінші класта оқыйтын Ақжарқын бүгін мектептен әлдеқалай көңілсіз қайтты. Үйіне келісімен бірінші класта оқыйтын інісін іздеді. Ол ойнап кетіпті. «Көрдің бе ойнап кеткенін...— деді Ақжарқын,— осында бір келерсің сен!»

Бірақ інісі тез арада орала қоймады. Ымырт жабылып, көше бағаналарындағы, үй-үйдегі электр шамдары жанды. Кешкі тамақ ішілді. Папасы мен мамысы киноға кетті. Үйде жалғыз қалған Ақжарқын стол үстіндегі ыдыс-аяқтарды жыйнастырып жатты. Осы кезде дәлізде біреудің жылдам басып келе жатқан аяқ тысыры естілді.

Ақжарқын інісін жүрісінен таныды...

Қазақтың мемлекеттік көркем әдебиет баспасынан жақында шыққан, Қызылорда облысында тұратын жас автор Насреддин Сералиевтің «Ұшталмаған қарындаш» атты әңгімелер жыйнағы осылайша басталады. Бұл жыйнаққа автордың әр кезде жазған тоғыз әңгімесі енгізілген. Бұл әңгімелерде мектеп балаларының оқудағы, үйдегі, өзінің достары арасындағы мінездері, қылықтары, іс-әрекеттері көрсетілген.



Өзінің тұңғыш әдеби еңбегін жас ұрпақтарға ұсынып отырған талапкердің ойында, сөз саптауында, байқауларында ұтымдылық, талғампаздық көрініп тұрады. Оның «Кішкене құрылысшылар», «Менің інім», «Өтпей қалған ұсыныс» сыяқты әңгімелерінде бала бойына лайық жарастықты қылықтар бар.

«Ұшталмаған қарындаш» әңгімесінде Е. Сералиев өзінің бірінші класта оқыйтын інісіне көмектесуге тырысқан төртінші класта оқыйтын қыз баланың мінезін суреттейді. Оның өз інісіне деген ең алғашқы көмегі ұштай алмай отырған қарындашты ұштап беруден басталады. Осы әңгімедегі автордың суреттеуінен сол жас баланың өзінің де әлі ұшталмаған қарындаш сыяқты екенін аңғарып отырсыз.

Сералиев жолдастың алғашқы жыйнағындағы әңгімелерді тұтас алғанда оның балалар өмірін, мектеп тұрмысын едәуір тәуір білетіндігін аңғару қыйын емес. Балалар! Бұл кітапша қазір дүкендерде сатыла бастады. Сендер де сатып алып, оқып шығындар!

С. Бақбергенов

Өзбек халқының күлдіргі әңгімелері

ТАУЫП АЛДЫМ

Бір қыз анасына:

— Шеше, шеше, үш сом тауып алдым,— деп мақтаныпты.

— Қай жерден тауып алдың?— деп сұрапты шешесі.

— Үйден, текшеде жатыр екен,— деп жауап беріпті қызы.

КҮШІКТІ КҮЛДІРУ

Сабыр өзінің кішкентай күшігін ұстап алып, оған қарап жатып кеп күледі.

Шешесі баласының бұл қылығына танданып:

— Балам, күшігіңе қарап неге күліп отырсың?— деп сұрайды.

— Күшік те күле ме екен, соны білмекші едім,— деп жауап беріпті Сабыр.

ЖАС ЕСЕПТЕУ

Хашим бір күні шешесінен:

— Ана, әкемің жасы менің жасымнан кіші екен ә?— деп сұрайды.

— Сенің жасыңнан неге кіші болады?— дейді шешесі.

— Мен 1947 жылы туғанмын. Ал, әкем болса тек 1915 жылы туыпты. 1915 тен - 1947 көп емес пе,— депті Хашим.

КІМ ҮЛКЕН

Бір бала анасынан:

— Шеше, мен үлкенмін бе, әлде ағам үлкен бе?— деп сұрапты.

— Әрине, ағаң үлкен,— депті анасы.

— Ия, бойым ағамнан биік қой, неге ол үлкен болады,— депті бала.

ҚОРҚАҚ

Бір қорқақ бала болыпты. Бір күні қасқарайып қалған кезде жолдастары оны жүзім ағаштарының арасына алып барады. Мұнда олар жасырынбақ ойнайды. Көп ұзамай қорқақ баланың бақырған даусы шығады. Жолдастары не боп қалды екен деп жүгірісіп келіседі.

— Тоқтаңдар... Мен біраз... біраз мен... тынысымды дұрыстап алайын,— депті қорқақ. Кейін зорға сөйлеп,— Ана жерден бірден жүз қасқыр өтті, көрсендер өздерің де ойбай салар едіңдер.

— Қойсаңшы өтірікті,— депті балалардың бірі.

— Сенбейсің бе? Жүз болмаса да елу шақты болу керек,— депті қорқақ.

— Ешуақытта елу қасқыр бір жүрмейді, алдама!— депті және бір бала.

— Жарайды, солай-ақ болсын, оны бірге жүре ме? Сол да жеткілікті емес пе,— деп бой бермейті қорқақ.

— Қорқудың да реті болу керек. Бұл жерде қасқыр затының өзі жоқ қой,— депті балалар.

Сонда ғана қорқақтың жүрегі орнына түсіп:

— Осы арада бір нәрсе сырт ете түскен еді,— деген екен.

Мұқабаның бірінші бетіндегі Н. Лебедевтің «Жаңа жылды қарсы алу» деген суреті. Соңғы бетіндегі В. Нес-теревтің «Марс пен Жердің беттесуі» деген суреті.

Редколлегия мүшелері: Баранов К., Бегалин С., Дарқанбаев Т., Ергалиев Х., Ибраева А., Иманжанов М., Ыдырысов Р., (редактор). Қырабаев С., Нұркатов А., Нұртазин М.

Техникалық редактор И. Перлов.

г. Алма-Ата, проспект Сталина, дом 79, редакция журналы «Пионер»

Қазақстан КП Орталық Комитеті жанындағы Республикалық газет-журналдар баспасы.

Подписано к печати 17 XII-1956 г. УГ06173. Бум. 84×108¹/₁₆— 0,75 бум. 2,46 п. л. Тираж 30.000.

Полиграфкомбинат Главиздата Министерства культуры КазССР. Заказ № 2007.

Мына ойынды үйрен ПОЧТА

Ойыншылардың ішінен алғаш хат тасушы сайланады. Ол қолына таяқ алып, бөлмеден шығып кетеді. Қалғандары қаз-қатар тізіліп отырады. Әркім өзіне бір қаланың атын таңдап алады. Бұдан соң олар почташының үйге кіруін сұрайды. Почташы үйге кіріп балаларға 2-3 адым шамасындағы қашықтықта тоқтайды да: «Сендерге хат алып келдім» дейді. «Қалалар»: «Хат қайдан?» — деп сұрайды. Почташы бір қаланың атын айтып, еденді таяқпен үш рет тоқылдатады да, таяқты тастай салып, есікке қарай жүгіреді.



Почташы атаған «кала» жерден таяқты алып, почташы есікке жеткенше, оған таяқты тигізіп үлгеруге тиіс. Егер мұны орындай алмаса, «кала» почташы болады да, почташы оның орнына отырады.

Егер шақырылған «кала» почташыға таяқты тигізе алмаса, ойын өзгеріссіз сол қалпында жүргізіле береді.

ЕКІ ШЕҢБЕРДІҢ КҮЗЕТШІСІ

Ойын үй жанында болады. Қабырғаға диаметрі 1 метр 20 сантиметр көлемінде екі шеңбер сызылады. Әр шеңбердің ортасы бір-бірінен 3 метр шамасындай қашықтықта болуы керек. Және олар еденнен 1 метр 25 сантиметрдей биіктіктегі тура сызықта қатар тұруға тиіс. Шеңберге күзетші белгіленеді.



Балалар қабырғаға дөп лақтырады, күзетші, футбол вратары сыяқты, дөпты шеңбердің ортасына тигізбеуге тырысады. Дөп 4-5 рет лақтырылған сайын күзетші ауыстырылып отырады.



ЖАУАПТАР

«Пионер» журналының 1956 жылғы 10-номеріндегі кроссворд-чайнвордтың жауабы.

Көлденеңінен:

3. Әуезов. 6. Қарт. 7. Нұра. 10. Ханой. 11. Мирон. 14. Кулибин. 15. Мишурин. 16. Сырмақ. 17. Алигер. 20. Торай. 21. Пенза. 22. Март. 24. Өлең. 25. Желкен.

Тігінен:

1. Сурет. 2. Боран. 4. Иманов. 5. Берлин. 8. Уалиханов. 9. Социализм. 12. Алтын. 13. Ертең. 18. Жабаев. 19. Мереке. 23. Терек. 24. Өрмек.

Костер төңірегінде:

1. Саяхат. 2. Талғат. 3. Тимур. 4. Релин. 5. Нил. 6. Лазо. 7. Ош. 8. Шалқыма. 9. Алтынсарин. 10. Насос. 11. Садақ. 12. Құрманғазы.

Жұлдыз төңірегінде:

1. Жаз. 2. Звено. 3. Олимпиада. 4. Антарктида. 5. Арна. 6. Алматы. 7. Ынжық. 8. Қазақстан. 9. Намыс. 10. Слет. 11. Тюленин.

Жауабын бірінші жіберген

Ахмеджанов (Гурьев облысы, Еспол ауданы)

«Пионер» журналының 1956 жылғы 11-номеріндегі кроссвордтың, криптограмманың, жұмбақтың жауабы.

КРОССВОРД

Тігінен:

1. Ара. 2. Дзержинский. 3. Шың. 5. Воронеж. 6. Мексика. 10. Дон. 11. Рим. 16. Нар. 17. Нил.

Көлденеңінен:

4. Грозный. 7. Тон. 8. Ұра. 9. Бес. 12. Новосибирск. 13. Жез. 14. Иса. 15. Ока. 18. Калинин.

КРИПТОГРАММА

«Жасында алған білімін — тасқа басқан таңбадай».

ЖҰМБАҚ


аяқ.

Жауабын бірінші жібергендер: М. Тұрмаханов (Оңтүстік Қазақстан облысы), Б. Алтайбаев (Қызылорда облысы), Ж. Қазиев (Талдықорған облысы), Н. Шүкетаева (Жамбыл облысы).

КРОССВОРД

Тігінен:

1. Тау жынысы. 2. Проза жанрының бір түрі. 3. РСФСР-дың қаласы. 4. Адам есімі. 7. Өлеңнің түрі. 8. Кавказда тұратын халық. 12. «Жолбарыс терісін жамылған батыр» атты шығарманың авторы. 17. Өзен. 18. Қатты зат. 21. Ұйымның аты. 22. Жәндік. 23. Қатты тау жынысы. 25. Тумаған жас жылқы. 26. Суық жел. 28. Қышқыл газ сақтайтын ыдыс. 29. Ұсақ аңдардың бірі.



Көлденеңінен:

5. Африкадағы ірі қала. 6. Ә. Әбішевтің «Күрес әлі біткен жоқ» атты пьесасының геройы. 9. Африкадағы өзен. 10. Ұсақ аң. 11. Неміс ақыны. 13. Үй хайуаны. 14. Орыс авиациясының атасы. 15. Су жануары. 16. Жеміс. 19. Аурудың аты. 20. Австрияның композиторы. 24. Ағылшынның драматургі. 27. Сатиралық журнал. 28. Есімдік түрі. 30. Волганың саласы. 31. Үй мүлкі. 32. Баспана. 33. Техникалық өсімдік. 34. Географиялық атау. 35. Мәңгі көгеріп тұратын ағаш.

Құрастырған К. ОМАРБАЕВ.
Семей облысы.



Жерге Марс жақын кеп,
Амандықты сұрасты.
Оқшау тұрған еңі алып,
Бір-біріне сыр ашты.

МАРС: — Бұрын көзге түспеген,
Кердім сарғыш алауды.
Күн қызуы күндіріп,
Кетті ма әлде далаңды
Менде қазір сіресіп,
Қалпыруда түп өсіп.

ЖЕР: — Тайданудың мәні бар,
Талай ғасыр әрідей.

МАРС: — Сөнің ұлы даңқын,
Бар әлемге тарайды,
Ғалымдарың несіне,
Маған үзбей қарайды!

ЖЕР: — Ғылым деген көреген,
Болжай білер алысты.
Біз қамқорға алмақпыз,
Сөні енді марсты.

Марс Жерге сыйлады,
Өзінде өскен гүлдерді,
Тың өлкең өзі де.